



«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ  
Басқармасының  
14 желтоқсан 2017 жылғы (№ 49 хаттама) шешіміне  
№ 1 Қосымша

**«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ  
кешенді банк қызметтерін көрсетудің  
Стандартты талаптары**

**Алматы қ. 2017 жыл**

## Мазмұны

Тарау 1. Терминдер мен анықтамалар .....	3
Тарау 2. Негізгі ережелер.....	4
Тарау 3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.....	5
Тарау 4. Кешенді талаптарға, Стандартты талаптарға және Тарифтерге өзгертулермен толықтырулар енгізу тәртібі.....	6
Тарау 5. Тараптардың жауапкершілігі.....	6
Тарау 6. Дауларды реттеу.....	6
Тарау 7. Басқа ережелер .....	7
<b>«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ ШАРТЫНЫҢ СТАНДАРТТЫ ТАЛАПТАРЫ .....</b>	<b>8</b>
1 Тарау. Терминдер мен анықтамалар .....	8
2 Тарау. Негізгі ережелер.....	9
3 Тарау. ТҚЖ шартының талаптары .....	10
8-тарау. ТҚЖ шартын бұзу .....	14
9-тарау. Басқа талаптар.....	14
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ –ның.....	16
кешенді банктік қызмет көрсетуінің Стандартты талаптарына .....	16
№2 Қосымша.....	16
<b>«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ-ДА БАНКТІК АҒЫМДАҒЫ ШОТТЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖЕКЕ АРНАЙЫ ШОТ АШУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУДІҢ СТАНДАРТТЫ ТАЛАПТАРЫ .....</b>	<b>16</b>
1-тарау. Терминдер мен анықтамалар.....	16
2-тарау. Ағымдағы шотты ашу .....	16
3-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері .....	17
4-тарау. Айрықша жағдайлар .....	18
5-тарау. Тараптардың жауапкершілігі .....	19
6-тарау. Кіріс және шығыс ақша аударымдары .....	19
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ –ның.....	21
Кешенді банктік қызмет көрсетуінің Стандартты талаптарына.....	21
№3 Қосымша.....	21
«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ .....	21
<b>ЭЛЕКТРОНДЫ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕР ҰСЫНУЫНЫҢ СТАНДАРТТЫ ТАЛАПТАРЫ .....</b>	<b>21</b>
1-тарау. Терминдер мен анықтамалар.....	21
2-тарау. Негізгі ережелер .....	22
3-тарау. Интернет-банкинг Жүйесі арқылы Электронды банктік қызметтерді ұсыну және пайдалану тәртібі .....	23
4-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері .....	24
5-тарау. Тараптардың жауапкершілігі .....	25
6-тарау. Интернет-банкинг жүйесінде Электронды банктік қызметтерін көрсету бойынша шектеулер .....	27
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ .....	28
Кешенді банктік қызмет көрсетуінің .....	28
Стандартты талаптарына .....	28
№4 қосымша / .....	28
Приложение №4.....	28
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ –ның кешенді банктік қызмет көрсетуінің Стандартты талаптарына .....	29
№5 Қосымша/.....	29
Приложение №5.....	29

## 1 - тарау. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ кешенді банк қызметтерін көрсету Стандартты талаптарында (әрі қарай – Кешенді талаптар) келесі терминдер, анықтамалар және шартты қысқартулар қолданылады:

**1) Банк Агенти** – тиісті шарт (келісім) негізінде Банкке агенттік қызмет көрсететін заңды және жеке тұлға (Кеңесші).

Агент-заңды тұлғалар кеңесшілер көрсететін агенттік қызметтерден басқа Банк пайдасына төлемдер қабылдау және өзге де ілеспелі қызметтер бойынша агенттік қызметтер ұсынады;

**2) Банк** – «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы;

**3) ТҚЖ Салымы** – Стандартты талаптарға сәйкес Банкте ашылған салымшының жинақ шотына Салымшы немесе үшінші тұлғаның салған ақшасы;

**4) Кешенді банк қызметтерін көрсету шарты** - өзіне ажырамас бөлік ретінде Кешенді талаптарды, Тарифті, Өтінішті, сондай-ақ, осында аталған қосымшаларды, шарттар нысанын/үлгісін, келісімдерді және басқа да құжаттарды қосатын Банкпен Клиент арасында жасалған кешенді банк қызметтерін көрсету шарты;

**5) Шарт** – кез-келген келесі Шарттарда жеке көрсетілмесе:

- Тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шарт – Стандартты талаптарда (осы Кешенді талаптарға №1 Қосымша) көзделген тәртіпте және талаптарда Банкпен Клиент арасында жасалған тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шарт;

- Ағымдағы банктік шот туралы шарт - Стандартты талаптарда (осы Кешенді талаптарға №2 Қосымша) көзделген тәртіпте және талаптарда Банкпен Клиент арасында жасалған ағымдағы банктік шот туралы шарт;

- Қашықтықтан электронды банктік қызмет көрсету жүйесіне қызмет көрсету шарты - Стандартты талаптарда (осы Кешенді талаптарға №3 Қосымша) көзделген тәртіпте және талаптарда Банкпен Клиент арасында жасалған қашықтықтан электронды банктік қызмет көрсету жүйесіне қызмет көрсету шарты;

**6) Қосылу туралы өтініш (Өтініш)** – Клиенттің тиісті Стандартты талаптарға сәйкес келетін Кешенді талаптарға қосылу ниетін мазмұндайтын және Кешенді банк қызметтерін көрсету шартын және тиісті Шарттың елеулі талаптарын мазмұндайтын Банкпен Кешенді банк қызметтерін көрсету шартын және тиісті Шартын жасау ниетін мазмұндайтын Банкке бағытталған, Банкпен бекітілген нысандағы Клиенттің ұсынысы (офертасы);

Клиент қол қойған Өтініш Қазақстан Республикасының заңнамасында және банктің ішкі құжаттарында, осы Кешенді талаптарда, Стандартты талаптарда көзделген тәртіпте және тәсілдермен жүзеге асырылады.

**7) Клиент** – Банктік қызметтерді қолданушы немесе Банктік қызметтерді пайдалануға ниетті жеке тұлға;

**8) Комиссиялық алым** - Тұрғын үй құрылыс жинақтары шартын жасауға байланысты қызметтер көрсеткені үшін Тарифтер бойынша Клиент Банкке төлейтін ақша сомасы;

**9) Банк комиссиясы** – Тариф бойынша Клиент Банкке төлейтін ақша сомасы, сонымен бірге, банк қызметтерін көрсеткені үшін төленетін Комиссиялық алым;

**10) ТҚЖ Салымы бойынша Параметрлер** – Клиент таңдаған Тарифтік бағдарламаны сипаттайтын ТҚЖ Салымының бар екендігі туралы Сертификатта көрсетілген ақпарат;

**11) ТҚЖ Салымын растайтын Сертификат** – ТҚЖ Салымының параметрлері көрсетілетін, Банктің электронды сандық қолтаңбасы қойылған, Банк Клиентке ұсынған (жіберген) (соның ішінде, Банк бланкісіндегі электронды құжаттың қағаз түріндегі көшірмесін) және тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, Тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шартты жасағандығын және шотты ашқандығын растайтын электронды құжат (Банк бекіткен нысанда –осы Кешенді талаптардың №4 Қосымшасы);

**12) Стандартты талаптар** - егер жеке көрсетілмесе, осы Кешенді талаптардың қосымшасы болып табылатын келесі Стандартты талаптардың кез-келгені:

- Тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шарттың Стандартты талаптары;

- «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-нан ағымдағы банк шоттарын, соның ішінде, жеке арнайы шотты ашу және жүргізу;

• «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның электронды банк қызметтерін ұсынудың Стандартты талаптары;

**13) Тариф** – Банк қызметтерін көрсеткені үшін Комиссиялар мөлшерін, сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін, сондай-ақ, Банк қызметтерін көрсету талаптарын анықтайтын Банктің ішкі құжаттарының, сондай-ақ, Тарифтік бағдарламалардың жиынтығы;

**14) Тарифтік бағдарлама** – ТҚЖ Салымы бойынша сыйақы мөлшерлемелерін және жинақтау мен кредит берудің басқа да талаптарын, сондай-ақ Банктің комиссиялық алымдарының мөлшерін айқындайтын Банктің ішкі құжаты.

**15) Банк филиалы** - Банк оған берген өкілеттігі шегінде әрекет ететін және Банк атынан операцияларды жүзеге асырушы Банктің тұрған жерден бөлек орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын Банктің оқшауланған бөлімшесі.

## 2 - тарау. Негізгі ережелер

2. Кешенді банк қызметтерін көрсету шарты аясында Банк Клиентке Стандартты талаптарға сәйкес Жеке шарттар жасау мүмкіндігін береді. Кешенді талаптар заңды талаптарға қызмет көрсетуге таралмайды.

3. Осы Кешенді талаптардың қандай да бір ережелері бекітілген тиісті Стандартты талаптардың ережелеріне қайшы келген жағдайда, Стандартты талаптардың бекітілген ережелері қолданылады.

4. Кешенді банк қызметтерін көрсету шартын жасау үшін Клиент Банкке (сонымен бірге Банк Агенттері арқылы) Қазақстан Республикасының заңнамасына және банктің ішкі құжаттарына сәйкес, Клиентті сәйкестендіруге қажетті құжаттарды және қол қойылған Қосылу туралы өтінішті береді.

5. Өтініште көрсетілген Клиенттің офертасын Банктің акцепттеуі арқылы Кешенді банк қызметтерін көрсету шарты жасалады. Клиенттің офертасын Банктің қабылдағанын куәландыратын Банктің келесі: ТҚЖ Салымы туралы Сертификатты беруі, ағымдағы шотты ашқандығы туралы хабарлама беруі, Банк анықтаған және Клиенттің назарына жеткізілген басқа да әрекеттер секілді бір немесе бірнеше әрекеттер жасауы акцепт болып табылады.

6. Банк пен Клиент арасында жасалған Кешенді банк қызметтері, сондай-ақ, жеке Шарттар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389 тармағына сәйкес қосылу шарттары болып табылады және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 152 тармағының талаптарына сәйкес жазбаша нысанда рәсімделген болып саналады.

7. Егер басқалары Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмесе, Банк Клиент берген ақпарат негізінде Клиентке қызмет көрсету туралы шешімді қабылдайды. Сонымен бірге, Банк Клиенттен қосымша ақпарат сұрауға құқылы.

8. Жасалып қойған Кешенді банк қызметтерін көрсету шарты аясында Жеке шарттар жасау үшін Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес тәртіпте Банкке Өтініш береді.

9. Кешенді банк қызметтерін көрсету шартын жасай отырып Клиент Банкке Банк алдындағы Клиенттің орындалмаған міндеттемелері мөлшерінде Клиенттің екінші деңгейлі банктердің, жекелеген банк операцияларын жүзеге асырушы ұйымдардың, төлем талаптарын қолдану арқылы басқа ұйымдардың кез-келген шоттарынан ақшаны есептен шығаруға келісімін береді.

10. Клиенттерді Кешенді талаптармен, Стандартты талаптармен және Тарифтермен таныстыру мақсатында, Банк Кешенді талаптарды, Стандартты талаптарды және Тарифтерді Банктің Интернет-ресурсында («www.hcsbk.kz») жариялайды және банктің барлық Филиалдарына орналастырады.

11. Банк Клиенттерді басқа құжаттар, оқиға туралы келесі тәсілдермен Банктен шығатын ақпараттарды алуға және бекітуге мүмкіндік беретін: пошталық жіберілімдер арқылы, қашықтықтан банк қызметін көрсету жүйесі арқылы Клиент байланыс телефоны ретінде қалдырған нөмір бойынша, sms-хабарлама арқылы, мобильді қосымшалар, электронды пошта арқылы Клиенттерді ақпараттандыруға құқылы. Клиент Кешенді банк қызметтерін көрсету шартын және тиісті Шартты жасай отырып, Кешенді талаптардың осы тармағында сипатталған

тәсілдермен ақпарат алуға келісімін береді. Сонымен бірге, Банк Клиентке берген ақпаратқа байланысты үшінші тұлғаларға қол жетімді болуы мүмкін барлық тәуекелдерге жауапты.

12. Банк қызметтерін көрсету кезінде Шарт жасағаннан кейін Клиентке Өтініш беру кезінде Клиент таңдаған Тарифтер қолданылады. Шарттың әрекет ету кезінде Клиенттің өтініші бойынша және Банктің келісімімен тариф өзгеруі мүмкін.

### **3 - тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

13. Кешенді талаптардың осы тарауында көзделген Банкпен Клиенттің құқықтары мен міндеттемелерінен басқа, Банкпен Клиент тиісті Стандартты талаптардың бекітілген құқықтары мен міндеттеріне ие.

14. **Банк** Клиентке қатысты кез-келген ақпаратқа қатысты құпиялылық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтауға **міндеттенеді**. Бірақ, Клиент азаматтық-құқықтық шарт бойынша Банкке қызмет көрсететін Клиентке, үлестес тұлғаларға, Банктің серіктестеріне және контрагенттеріне, сондай-ақ, басқа да үшінші тұлғаларға қатысты кез-келген ақпаратты беруге және ашуға Банк құқылы екендігіне келісім береді.

#### **15. Клиент:**

1) Банк талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құжаттарды беруге және Өтініштердегі қажетті және айқын мәліметтерді Банкке хабарлауға;

2) Банкті Өтініште Клиентке хабарланған мәліметтерге қатысты барлық өзгертулер туралы Банкті 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабардар етуге, сондай-ақ, Кешенді банк қызметтерін көрсету шартын, Жеке шартын жасау мақсатында берілген жылына кем дегенде 1 (бір) рет мәліметтердің жарамдылығын растауға міндетті. Кешенді банк қызметтерін көрсету шартын, Жеке шартын жасаған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін Клиенттен жазбаша хабарлама жоқ болуы Клиенттің Кешенді банк қызметтерін көрсету шартын, Жеке шартын жасау кезінде берілген мәліметтердің әр келесі жылға жарамдылығын және өзектілігін растағандығын білдіреді.

3) Банкке Клиентпен байланыс үшін нақты ақпарат беруге, ол өзгерген жағдайда тез арада жаңартылған ақпаратты беруге; Қазақстан Республикасының заңнамасында және Кешенді банк қызметтерін көрсету шартында көзделген хабарламаны Клиентке жіберуге байланысты Банктің міндеттемелері Клиентпен байланысу үшін Банкте бар ақпаратқа сәйкес хабарламалар жіберілген жағдайда орындалған болып саналады;

4) Кешенді талаптарға, Стандартты талаптарға және Тарифтерге енгізілген өзгертулермен және толықтырулармен жүйелі түрде танысуға;

5) Банктің сұрауымен Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Кешенді талаптарда, Стандартты талаптарда көзделген соның ішінде, ақшалай қаражаттармен операциялар туралы құжаттарды және мәліметтерді, ұсынылған Банкпен іскерлік қатынасты сипаттау және бекіту мақсаты туралы, Клиенттің ақшалай қаражаты және (немесе) басқа да мүліктерінің шығу көздері туралы құжаттарды және мәліметтерді беруге **міндеттенеді**.

#### **16. Банк:**

1) Клиентті/Клиенттің өкілін сәйкестендіруді жүргізу және олар туралы ақпараттарды жаңарту кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Клиенттен/Клиенттің өкілінен ақпараттарды және мәліметтерді алуға және Клиенттен беруін талап етуге;

2) Клиенттің Өтініште берген мәліметтерін салыстыруға, соның ішінде үшінші тұлғаларды тарту арқылы;

3) Кешенді банк қызметтерін көрсету шартын, Жеке шартын жасау кезінде, сондай-ақ, Клиенттің Банкке басқаша да жүгінуі кезінде бақылауды, суретке түсіруді, дыбыс және бейне жазбаларын, Клиентті осындай жазу туралы хабарлаусыз телефон әңгімелерін жазуды жүзеге асыруға; Банк осындай жазуларды Клиентпен қатынасты тоқтатқан сәттен бастап 5 (бес) жыл ішінде сақтауға құқылы екендігіне, сондай-ақ, оларды Кешенді банк қызметтерін көрсету шартына, Жеке шартқа байланысты кез-келген тергеу жүргізу кезінде оларды қолданатындығына Клиент келісім білдіреді.

4) Банктің сұрауымен Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Кешенді талаптарда, Стандартты талаптарда көзделген соның ішінде, ақшалай қаражаттармен операциялар туралы құжаттарды және мәліметтерді, ұсынылған Банкпен іскерлік қатынасты сипаттау және

бекіту мақсаты туралы, Клиенттің ақшалай қаражаты және (немесе) басқа да мүліктерінің шығу көздері туралы құжаттарды және мәліметтерді сұратуға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Клиентпен Кешенді банк қызметтерін көрсету шартын және (немесе) Жеке шартты жасаудан бас тартуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Клиентпен Кешенді банк қызметтерін көрсету шартын және (немесе) Жеке шартты бұзуға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес, Банк сұратқан берілмеген құжаттар бойынша операциялар жасау туралы Клиенттің өкімін (тапсырмасын) орындаудан бас тартуға;

8) Клиенттің келісімінсіз төлем құжаттарының жасандылығын растайтын құжаттары болған жағдайда, сондай-ақ, олардың аударымынан қателік дерегі белгілі болған жағдайда Клиенттің банктік шотынан ақша алуды жүргізуге;

9) Банк Клиентке қызмет көрсеткені үшін Тарифтерге сәйкес төлемді ұстауға;

10) Кешенді талаптарға, Стандартты талаптарға сәйкес, басқа да әрекеттерді жасауға **құқылы.**

17. **Клиент** Банк алдындағы барлық берешегін алдын ала жаба отырып, сондай-ақ, Банкте ашылған барлық шоттарды жауып және барлық ақшалай қаражаттарды талап ете отырып осы Кешенді талаптарды орындаудан кез-келген уақытта бас тартуға **құқылы.**

#### **4 - тарау. Кешенді талаптарға, Стандартты талаптарға және Тарифтерге өзгертулермен толықтырулар енгізу тәртібі**

18. Банк Кешенді талаптарға, Стандартты талаптарға және Тарифтерге өзгертулермен толықтырулар енгізу, сондай-ақ, оларды жаңа редакцияда мазмұндау арқылы Қазақстан Республикасының заңнамадағы талаптарын, осы тарауда және Стандартты талаптарда бекітілген ерекшеліктерді ескере отырып, біржақты тәртіппен жүзеге асырылады.

19. Банк Кешенді талаптарға, Стандартты талаптарға және Тарифтерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Клиентті осы Кешенді талаптарда, сондай-ақ, Стандартты талаптарда көрсетілген тәсілдермен осындай өзгертулер күшіне енгенге дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабардар етеді.

20. Кешенді талаптарға, Стандартты талаптарға және Тарифтерге өзгертулермен және толықтырулармен келіспеген жағдайда Клиент Банктің Интернет-ресурсында («www.hcsbk.kz») Банк Кешенді талаптарға, Стандартты талаптарға және Тарифтерге өзгертулерімен мен толықтыруларымен орналастырылған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Банктік кешенді қызмет көрсету шартын, Жеке шарттарды бұзуды талап етуге құқылы. Егер көрсетілген мерзімде Кешенді банк қызметтерін көрсету шартын, Жеке шартты бұзуға байланысты талаптар түспесе, бұл жағдай Кешенді талаптардың, Стандартты талаптардың және Тарифтердің өзгертулерімен және толықтыруларымен және оларға қосылуларымен келісетіндігін білдіреді.

21. Кешенді талаптарға, Стандартты талаптарға және Тарифтерге кез-келген өзгертулер және толықтырулар, соның ішінде, Банк бекіткен жаңа редакциядағы Кешенді талаптар, Стандартты талаптар және Тарифтер күшіне енген күннен бастап Кешенді талаптарға, Стандартты талаптарға және Тарифтерге қосылушы, соның ішінде, Кешенді талаптарға, Стандартты талаптарға өзгертулер және толықтырулар күшіне енбей тұрып қосылған барлық тұлғаларға таралады.

#### **5- тарау. Тараптардың жауапкершілігі**

22. Тараптар Кешенді банк қызметтерін көрсету шарты және жеке шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Кешенді талаптарға және Стандартты талаптарға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

23. Банкке Клиенттің өзі, Клиенттің кесірінен немесе оның мұқиятсыздығынан Клиенттің Шотына рұқсат алған/рұқсаты бар үшінші тұлғалар тигізген шығындар/зияндар үшін, соның

ішінде банктік құпияны қамтитын ақпараттарды жоғалтқан немесе үшінші тұлғаларға берген Клиент жауапкершілік көтереді.

24. Тараптар кешенді қызмет көрсету шарты мен жеке Шарттар бойынша міндеттімелерді толық немесе жартылай орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл орындамау Тараптар саналы шаралармен не болмай алмаған, не алдын ала алмаған дүлей күш жағдайларының туындауының нәтижесі болса.

25. Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде Тараптар олар пайда болған сәттен бастап 3 үш күнтізбелік күн ішінде ол туралы бір-біріне хабарлайды.

## **6- тарау. Дауларды реттеу**

26. Банктік кешенді қызмет көрсету шарты немесе Жеке шарттар бойынша міндеттемелерін орындау барысында Тараптардың арасында келіспеушіліктер орын алған жағдайда, Тараптар дауларды сот тәртібінен тыс шешу үшін барлық шараларды қолдануға міндетті. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулы жағдайлар Қазақстан Республикасының заңнаамсына сәйкес қаралады.

## **7- тарау. Басқа ережелер**

27. Кешенді талаптар Банкпен анықталған және Банктің Интернет-ресурсында («www.hcsbk.kz») жарияланып, барлық Банк филиалдарында орналастырылған.

28. Осы Кешенді талаптар бұрын Банктің Интернет-ресурсында («www.hcsbk.kz») орналастырылған «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның Банк Басқармасының 17 қазан 2016 жылғы №272 қаулысымен бекітілген 28 маусым 2017 жылғы жағдай бойынша редакциядағы Тұрғын үй құрылыс жинақтары шартының (қосылу шартының) Стандартты талаптарын ауыстырады. Клиент Кешенді талаптармен келіспеген жағдайда ол Банктің Интернет-ресурсында («www.hcsbk.kz») Кешенді талаптар орналасқан күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Тұрғын үй құрылыс жинақтары шартын бұзуды талап етуге құқылы. Егер көрсетілген мерзімде Тұрғын үй құрылыс жинақтары шартын бұзуға байланысты талаптар түспесе, бұл жағдай Клиенттің Кешенді талаптарға және оларға қосылулармен келісетіндігін білдіреді.

29. Қазақстан Республикасының «Жеке мәліметтер және оларды қорғау туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес осы Кешенді талаптарға қосылған Клиенттің жеке мәліметтерін жинау және өңдеу қажеттілігіне байланысты Банк және басқа қызметтер түйінделетіндігіне келісім береді, осыған байланысты Клиент Банкке осы Кешенді талаптардың №5 Қосымшасында көрсетілген жеке мәліметтер тізімін, яғни Банкке Кешенді банк қызметін көрсету немесе тиісті Шарт аясында пайда болған Тараптар арасында азаматтық-құқықтық және басқа қатынастар аясында оның қызметі барысында белгілі болатын немесе белгілі Клиентке қатысты электронды, қағаз және (немесе) басқа да материалды тасымалдағыштағы барлық ақпараттарды жинауға және өңдеуге келісімін береді. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сақтаған және /немесе Тараптар келісімге келген жағдайда, Клиент жеке мәліметтерді жинауға және өңдеуге қатысты қандай да бір талап-арызының жоқ екендігін, әрі қарай да болмайтындығын растайды.

30. Кешенді банк қызметтерін көрсету шартын, жеке шартты өзгерту немесе бұзу Кешенді банк қызметтерін көрсету шарты, Жеке шарт бойынша осындай өзгертулер мен бұзулар болған сәтке дейін Тараптарды өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды

31. Кешенді банк қызметтерін көрсету шарты, Жеке шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түсіндіруге жатады.

32. Егер Кешенді банк қызметтерін көрсету шартының, жеке шарттың қандай да бір ережесі заңсыз, жарамсыз немесе кез-келген қолданылған заңнама бойынша сотта қорғануға жатпайтын болса Кешенді банк қызметтерін көрсету шартының, жеке шарттың осындай ережелері Банкпен Клиент арасында қатынасқа қолданылмайды. Кешенді банк қызметтерін көрсету шартының, жеке шарттың басқа ережелері өз күшін және жарамдылығын сақтайды.

33. Осы Кешенді талаптар, Тарифтер, Өтініштер, сондай-ақ, аталған қосымшалар, шарттың, келісімнің нысандары/үлгілері және басқа құжаттар әрқайсысы бірдей заңды күшке ие мемлекеттік және орыс тілінде жасалған.

Кешенді тараптардың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндер арасында қайшылық болған жағдайда, Тараптар Кешенді тараптың орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның  
Кешенді банктік қызмет көрсету  
Стандартты талаптарына  
**№1 Қосымша**

## **«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ ШАРТЫНЫҢ СТАНДАРТТЫ ТАЛАПТАРЫ**

### **1 - тарау. Терминдер мен анықтамалар**

1. Осы «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шарттың Стандартты талаптарының мақсаттарына (әрі қарай осы қосымшаның аясында – Стандартты талаптар) қолданылатын терминдер мен анықтамалар келесі мағынаны білдіреді:

1) **ТҚЖ Салымы** – Стандартты талаптарға сай Банкте ашылған Салымшының Шотына Салымшы немесе үшінші тұлғалардың салған ақшасы;

Банк Салымшысы Банкке жазбаша сұрату арқылы жүгінумен Банктің Агенттері туралы ақпарат алуға құқылы.

2) **Салымшы** – Банкпен ТҚЖ шартын жасасқан жеке тұлға;

3) **Сыйақының жылдық тиімді мөлшері** - уәкілетті мемлекеттік орган талабына сәйкес есептелген шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептелетін сыйақы мөлшері.

4) **ТҚЖ шарты** – өзіне ажырамас бөлік ретінде Қосылу туралы өтінішті, Салымшы таңдаған Стандартты талаптарды, Тарифтік бағдарламаларды, Сертификатты, Тарифті, сондай-ақ, осы Стандартты талаптар аясында Салымшы берген/қол қойған басқа да өтініштер және/немесе келісімдерді қосатын Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Стандартты талаптармен бекітілген тәртіпте Банкпен Салымшы арасында жасалған тұрғын үй құрылыс жинақтарының шарты.

5) **Шарттық сома** - салымшыға тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін қажет, Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасынан және Тұрғын үй заемынан тұратын ақша сомасы. Шарттық соманы Салымшы Шартқа қол қою кезінде өзі белгілейді.

6) **Тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасы** - тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу мақсатында ТҚЖ Салымы бойынша сыйақы мөлшерлемесі мен Мемлекеттің сыйлықақысы есептелген тұрғын үй заемын алу үшін Салымшының Банкте жинақтаған ақшасы.

7) **Тұрғын үй заемы** – Жеке банктік заем шарты және Тарифтік бағдарлама бойынша Салымшы таңдаған ТҚЖ шартының талаптары, Тұрғын үй құрылыс мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, Банктің Салымшыға тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында беретін нысаналы заемы.

8) **«www.hcsbk.kz» интернет-ресурсы** – Банктің Интернет желісіндегі ресми ақпараттық ресурсы.

9) **Жинақталған ақшаның ең төменгі қажетті мөлшері** - Тұрғын үй заемын алу үшін ТҚЖ шартында анықталған ақша.

10) **Операциялық күн** – оператор төлем жүйелерін қабылдау және өңдеу немесе жеткізушінің тапсырмаларды орындауды тоқтату туралы нұсқаулар, өкімдерді немесе осындай нұсқауларды қайтарып алуды жүзеге асыратын уақыт кезеңі.

11) **Бағалау көрсеткіші** – Салымшы таңдаған Тарифтік бағдарламаға және Шарт талаптары сәйкес, шарттық сомаларды төлеу кезектілігін қалыптастыру үшін әрбір ТҚЖ шарты бойынша Банк айқындайтын есептеу шамасы.



**12) Алдын ала тұрғын үй заемы** – шарттық соманы алғанға дейін негізгі қарызды өтеу талабынсыз, тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатымен Банктің Салымшыға ұсынатын мақсатты заемы, Шарттық сома аясында Банктің салымшыға беретін мақсатты заемы, Банктің ішкі құжаттарымен және банктік заем шарты шарттарымен тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын сәйкес Шарт бойынша шарттық сома шотына өтеледі;

**13) Мемлекеттің сыйлықақысы** - республикалық бюджеттен жыл сайын бөлінетін және жыл қорытындылары бойынша ТҚЖ Салымына жинақталған сомасына есептелетін ақша және Банктің сыйақысы.

**14) Аралық тұрғын үй заемы** - Банктің ішкі құжаттарымен және банктік заем шарты шарттарымен тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қалдығы ТҚЖ шарты бойынша шарттық сома есебінен өтелетін жинақталған ақшаның қажетті Ең аз көлемін жинақтаған жағдайда тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатымен Банктің Салымшыға ұсынған мақсатты заемы.

**15) ТҚЖ Салымын растайтын сертификат (Сертификат)** – ТҚЖ Салымының параметрлері көрсетілетін, Банктің ЭСҚ қойылған, Салымшыға Банк ұсынған (жіберген) (соның ішінде, Банк бланкісіндегі электронды құжаттың қағаз түріндегі көшірмесін) және ТҚЖ шартының ажырамас бөлігі болып табылатын Электронды құжат (Банк бекіткен нысанда –осы Кешенді талаптардың №4 Қосымшасы);

**16) Интернет-банкинг жүйесі** – Шартқа сәйкес [www.hcsbk.kz](http://www.hcsbk.kz) Интернет –ресурсы арқылы Интернет Желісінің көмегімен Электронды банктік қызметтерді ұсынуға жол беретін Банктің бағдарламалық кешені (бағдарламалық қамтамасыз етуді қоса алғанда).

**17) Шот** – ТҚЖ Салымын есепке алу және ол бойынша операцияларды көрсету ТҚЖ шартының талаптарына сай ашылған Банктегі банктік жинақ шот;

**18) Банк филиалы** – Банк оған берген өкілеттігі шегінде әрекет ететін және Банк атынан операцияларды жүзеге асырушы Банктің тұрған жерден бөлек орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын Банктің оқшауланған бөлімшесі.

## 2 - тарау. Негізгі ережелер

**2.** ТҚЖ шартын жасау үшін Клиент Банкке (сонымен бірге Банк Агенттері арқылы) Қазақстан Республикасының заңнамасына және банктің ішкі құжаттарына сәйкес, Клиентті сәйкестендіруге қажетті құжаттарды және қол қойылған Қосылу туралы өтінішті береді.

**3.** ТҚЖ шарты Клиенттің офертасын (Қосылу туралы шартта мазмұндалатын) Банктің акцепттеуі арқылы (Банктегі ТҚЖ Салымының бар болуы туралы Сертификатты Клиентке беру/жіберу арқылы) жасалады.

**4.** Қосылу туралы шартта мазмұндалатын Клиенттің офертасын Банк акцепттеген сәтке дейін Банк Клиентке қызмет көрсетуге және міндеттемелерді атқаруға міндетті емес. Осылайша, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес, Клиенттің офертасын акцепттеуі Банктің өз қалауы бойынша жүзеге асырылады. Банк акцептімен Клиентке тиісінше банк қызметтерін беруге өзінің келісімін білдіреді.

**5.** Шартта бекітілген тәртіпте Клиент/Салымшы қол қойған Қосылу туралы өтініш Клиенттің/Салымшының Шартты алғанын, оқығанын, түсінгенін және толық көлемде, қандай да бір ескертусіз және қарсылықсыз қабылдағанын куәландырады. Шартта бекітілген тәртіпте Салымшы қол қойған Өтініш банкте болса, Шартты оның алмағанына/оқымағанына/түсінбегеніне/қабылдамағанына куәлік ретінде, Салымшының осы Шартта оның қолының болмағына сілтеме жасауға оның құқығы жоқ. Өтінішке қол қоя отырып, Салымшы ТҚЖ салымын орналастыру және енгізу талаптарының барлығын өзіне қабылдап, Осы шартқа қосылады, сондай-ақ осы Шарттың барлық қағидалары Салымшының мүддесіне және ерік білдіруіне толық сәйкес келетінін растайды.

**6.** ТҚЖ шартына қол қойғаннан кейін Тараптар құқық сатып алады, өзіне жауапкершілік алады және Стандартты талаптарға және Тараптар қол қоятын басқа құжаттарға, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес көрсетілген міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершілік алмайды.

### 3 Тарау. ТҚЖ шартының талаптары

7. Осы Стандартты талаптардың талаптарына сәйкес, Банк Салымшы үшін ұлттық валютада (теңге) тұрғын үй құрылыс жинақ үшін жинақ шотын ашады, ТҚЖ Салымына Банктің сыйақысын аударды және Салымшы Банктен Банктік заемды кейінгі алу құқығымен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте мемлекеттің Сыйақысын есептейді, сондай-ақ Салымшының Интернет-банкинг жүйесі арқылы қашықтықтан қызмет көрсетуін жүзеге асырады.

8. Банк Салымшыдан ТҚЖ Салымын қабылдайды және оны ТҚЖ шартының талаптарымен Шотта орналастырады.

9. ТҚЖ Салымына иелік ететіндер:

1) Салымшы;

2) Салымшы өкілдері – тиісінше рәсімделген сенімхат негізінде/ заңды өкілдер, қамқоршы – олардың уәкілетілігін растайтын құжаттар негізінде;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сай Салымшының мұрагерлері - Салымшы қайтыс болған жағдайда;

4) Сот шешімімен басқа тұлғалар.

10. Салымшының тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасын жинақтау кезеңінде Банк Сертификатта көрсетілген, Салымшы таңдаған Тарифтік бағдарламаға сәйкес мөлшерлеме бойынша ТҚЖ салымының сыйақысын төлейді.

Ақша Банкке түскен сәттен Шотқа енгізілді деп есептеледі.

Кезек күттірмейтін тәртіпте Шотқа түскен ақша сомасынан бұрын төленбеген комиссиялық алым сомасы ұсталады.

11. Шарттық сома (Тұрғын үй заемы және жинақталған ақша сомасы) Банктің ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде және тәртіпте Банк Салымшыға төмендегі санамаланған барлық талаптар сақталғаннан кейін береді:

1) Салымшы Жинақ ақшаның ең төменгі қажетті мөлшерінен кем емес ақша сомасын Шотына жинау;

2) бағалау көрсеткішінің ең төменгі мәніне жету, бірақ ТҚЖ шартын жасағаннан кейін 3 (үш) жылдан ерте емес;

3) Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Тұрғын үй заемын қажетті қамтамасыз етуді беру;

4) Тұрғын үй заемын өтеуге байланысты Клиенттің төлем қабілеттілігін растау.

12. Тұрғын үй заемы, Аралық тұрғын үй заемы және Алдын-ала тұрғын үй заемы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылыс жинақтару туралы» Заңына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Салымшының тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі шараларға ғана пайдаланылуы мүмкін.

13. ТҚЖ салымы және/немесе заем бойынша Банк есептеп қосатын сыйақыны есептеу кезінде жыл 360 (үш жүз алпыс) күнге, ай 30 (отыз) күнге қабылданады.

Заем бойынша сыйақы заемдарды пайдаланудың нақты күніне есептеледі.

ТҚЖ салымдары бойынша сыйақы Банктің ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасы заңнамасымен сәйкес ТҚЖ Салымының нақты жинаған қалдығына есептеледі.

14. Бағалау көрсеткішін есептеу үшін келесі формула қолданылады:

n

$$\sum_{i=1} (B_i + P_i + G_i) * \% * T_i$$

i=1

БК =-----,

ШС/1000

БК - Бағалау көрсеткіші;

B<sub>i</sub> – i-ші төлем ( ТҚЖ салымы) мөлшері;

Пі - есептелген сыйақы сомасы;

Гі - есептелген мемлекеттік сыйлықақы сомасы;

% - ТҚЖ салым бойынша Банктің сыйақы мөлшерлемесі;

Ті - төлемді (ТҚЖ салымы) енгізу сәтінен бастап бағалау көрсеткішін есептеу сәтіне дейінгі кезең;

І, n - төлемдердің (ТҚЖ салымдары) реттік номері;

ШС - шарттық сома.

Бағалау көрсеткішін есептеу үшін ай - 30 (отыз) күнді, тоқсан - 90 (тоқсан) күнді, жыл - 360 (үш жүз алпыс) күнді құрайды.

#### 4 Тарау. Салымшы мен Банктің құқықтары және міндеттері

##### 15. Банк:

1) Салымшыға салым бойынша Шот ашуға, Салымшының пайдасына қолма-қол енгізілген және/немесе қолма-қол емес тәртіпте аударылған ақшаны қабылдауға және оларды Шотқа есептеуге;

2) Шотта нақты жинақталған ақшаның сомасына Банктің сыйақысын есептеуге;

3) мемлекеттің сыйлықақысы Банкке түскен жағдайда, оны Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Стандартты талаптарына сәйкес Шотқа есептеп қосуға;

4) осы Стандартты талаптарда көзделген жағдай орын алған кезде өтініш (кредит өтінімі) негізінде Салымшымен банктік заем шартын жасап, Салымшыға Тұрғын үй заемін беруге. Тұрғын үй заемін беру Шарттық соманы (жинақтау ақша сомасы және Тұрғын үй заем сомасы) бір мезгілде төлеу арқылы жүзеге асырылады;

5) Салымшы ТҚЖ шартын бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының «Тұрғын қатынастары туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Банк Салымшыға аталған соманы Салымшыдан тиісті өтініш түскен күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен ішінде төлеуге міндетті.

6) Тұрғын үй заемін төлеу кезектілігін айқындау мақсатында, Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте ТҚЖ шарты бойынша Бағалау көрсеткішінің есебін жасауға;

7) Стандартты талаптарға және Қазақстан Республикасы заңнамасымен сәйкес, Салымшының алдындағы өзге де міндеттемелерді орындауға **міндеттенеді**.

##### 16. Салымшы:

1) ТҚЖ шартының талаптарына сәйкес Жинақ ақшаның ең төменгі қажетті сомасын жинау үшін тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында Шотқа теңгеде (тікелей немесе Агент-заңды тұлға арқылы) ақша енгізуге (қолма-қол немесе қолма-қолсыз тәртіпте);

2) Банкке ТҚЖ шартында көзделген тәртіпте және Тарифтер бойынша комиссия төлеуге;

3) ТҚЖ шартын жасаған кезде, Шарттық соманы немесе Тұрғын үй құрылыс жинақ сомасын алған кезде, заем берген, сондай-ақ, басқа банк қызметтеріне жүгінген кезде Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында бекітілген, тиісті тәртіпте рәсімделген барлық қажетті құжаттарды беруге;

4) Салымшының деректемелері (тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы, телефоны, ЖСН және басқа да жеке деректері) өзгерген кезде 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Банкке жазбаша хабарлайды. Сертификатта көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда Банк Салымшы берген/жіберген өтініш негізінде Салымшыға өзекті деректемелері көрсетілген Сертификатты береді/жібереді.

5) Стандартты талаптарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк алдындағы басқа да міндеттемелерді орындауға **міндеттеледі**.

##### 17. Банк:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Стандартты талаптарға сәйкес, республикалық бюджетке қайтарылуға жататын қате есептелген мемлекеттің сыйлықақы сомасын тікелей дебеттеу тәртібімен кез-келген Банктегі Салымшының кез-келген шотынан алуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Салымшының алдын ала келісімінсіз біржақты тәртіпте Стандартты талаптарға, Тарифтерге өзгертулерді енгізуге;

3) ТҚЖ Салымын кем дегенде 3 (үш) жыл жинау кезінде ТҚЖ шартын мерзімінен бұрын

бұзған жағдайда Мемлекеттің сыйлықақысына Банктің есептелген сыйақысын алып тастауға (түзету жасауға), Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда Мемлекеттің сыйлықақысына төлем жүргізуді қоспағанда.

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Стандартты шартта бекітілген тәртіпте Салымшы Шотына қате аударылған ақша сомасын кез келген Банктегі оның кез келген шоттарынан алуға;

5) Салымшы жасалған ТҚЖ шартының және/немесе банктік заем шарты талаптарын орындамаған (бұзған) жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Салымшыдан заем бойынша (негізгі қарызды, сыйақыны және Мемлекет сыйлықақысын қосқанда) барлық берешекті, сондай-ақ, Стандартты талаптарда және/немесе банктік заем туралы шартта көзделген тәртіпте айыппұл санкцияларын Салымшының кез-келген шотынан өндіріп алуға;

6) ТҚЖ шарты бойынша кепілді талап ету құқығын, депозиттік қызмет көрсету операцияларын жүзеге асыруға (ТҚЖ Салымдарын бөлу, қосу, ТҚЖ шарты бойынша құқықтарды және міндеттерді шегіну), сондай-ақ, ТҚЖ Салымы бойынша Параметрлерін өзгертуге келісім беруде бас тартуға;

7) Аралық тұрғын үй заемдарын, Алдын ала тұрғын үй заемдарын беруде бас тартуға;

8) Шотта 1 (бір) жылдам көп ақша болмаған жағдайда, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Салымшының Шотын жабуға құқылы;

Стандарттық талаптарда және Банктің ішкі құжаттарында көзделген негіздер бойынша Салымшының Банкке төлеген комиссиясының барлық сомасы қайтаруға жатпайды.

9) 12) Егер Банктің клиенттің ақшасымен және (немесе) басқа мүлкімен жасалған операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және (немесе) терроризмді қаржыландыруға байланысты деп болжауына негіздері бар болса, ТҚЖ шартын орындаудан бас тартуға;

10) Банктің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындауы мақсатында Клиентті сәйкестендіруге қажет ақпаратты немесе құжаттарды Клиент тапсырмаған кезде, ТҚЖ шартын орындаудан бас тартуға;

11) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамамен көзделген жағдайларда және басқа да жағдайларда, клиентке Өтініште көрсетілген мекенжай бойынша жазбаша түрде ескерте отырып, ТҚЖ шартын бұзуға және Жоғарыда көрсетілген Хабарламаны Клиентке жіберген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні өткен соң біржақты соттан тыс тәртіпте Шотты жабуға;

12) Тарифтерді белгілеуге және Комиссияларды алуға құқылы. Сонымен бірге, Салымшы Тарифтер туралы ақпарат алуға құқылы.

#### **18. Салымшы:**

1) осы Стандартты талаптарға сәйкес, Шоттың жай-күйі туралы толық ақпарат алуға;

2) Банктің келісімі арқылы ТҚЖ шарты бойынша кепілді талап ету құқығын, депозиттік қызмет көрсету операцияларын жүзеге асыруға (ТҚЖ Салымдарын бөлу, қосу, ТҚЖ шарты бойынша құқықтарды және міндеттерді шегіну), сондай-ақ, ТҚЖ Салымы бойынша Параметрлерін өзгертуге;

3) ТҚЖ шарты бойынша жинақталған ақшаның Ең төменгі қажетті мөлшерін жинап, Бағалау көрсеткішінің қажетті мәніне жеткен кезде (ТҚЖ шарты бойынша таңдалған Тарифтік бағдарламада көзделген) ТҚЖ шартында белгіленген талаптарда Тұрғын үй замын алуға Банкке өтінішпен (кредиттік өтініммен) жүгінуге;

4) Банкке Аралық тұрғын үй замын және/немесе Алдын ала тұрғын үй замын беру туралы өтінішпен Банкке хабарласуға. Банктің талаптары және Аралық тұрғын үй замының және/немесе Алдын ала тұрғын үй замының талаптарын Банк қосымша белгілейді.

Бұл ретте Аралық тұрғын үй замын және/немесе Алдын ала тұрғын үй замын беру Банктің міндеті болып табылмайды, Банк бос ақшаның болмауы себебін қоса, кез келген негіздер бойынша Аралық тұрғын үй замын және/немесе Алдын ала тұрғын үй замын беруден бас тартуға құқылы;

5) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының «Тұрғын қатынастары туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, ТҚЖ шартын мерзімінен бұрын бұзуға және ЖСС Салымын алуға, оған Банк есептеген сыйақыны алуға. Сонымен бірге, белгіленген Стандартты талаптар жағдайында Салымшы ТҚЖ Салымын кем дегенде 3 (үш) жыл жинаған жағдайда Мемлекеттің сыйлықақысын алуға;

6) Тарифтермен, соның ішінде, ТҚЖ Салымы бойынша Параметрлердің өзгеруімен танысуға құқылы.

### **5 Тарау. Тараптардың жауапкершілігі**

19. Тараптар ТҚЖ шарты бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, ТҚЖ шарты бойынша өз міндеттемесін бұзған Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жауапкершілікке тартылады.

20. Салымшы Қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, тікелей дебеттеу арқылы және Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Стандартты талаптарға сәйкес, Салымшының Банктегі кез-келген шотындағы Банкке қате есептелген Мемлекет сыйлықақысының сомасын алуға келісімін береді.

21. Салымшы ТҚЖ шартының барлық талаптарын орындаған жағдайда, егер Салымшы ТҚЖ шарты бойынша құқықтарын Салымшы басқа тұлғалардың пайдасына өткізбеген және/немесе кепілге берілмеген жағдайда, Банк Салымшыға тұрғын үй заемін бермеген жағдайда Банк Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауап береді, сондай-ақ, 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Салымшының алғаш талап етуі бойынша, Салымшының жинақтаған ақша сомасын даусыз тәртіпте төлеуге міндетті.

22. Тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын төлеу Тараптарды осы ТҚЖ шарты бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

23. Банкке уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе лауазымды тұлғалардың ағымдағы шот, Шоттағы ақшаға тыйым салу, Шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтату туралы шешімі/қаулысы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақшаларды акцептісіз алып тастау құқығына ие үшінші тұлғалардың нұсқаулары келіп түскен жағдайда, ТҚЖ шарты бойынша өз міндеттерін орындамауына/тиісінше орындамауына, соның ішінде Шотқа ақша есептеу мүмкін еместігіне де Банк жауапкершілік көтермейді.

24. Шоттан ақшаны Салымшының келісімінсіз алу, Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтату және Шотта тұрған ақшаға тыйым салу тек қана: құжаттардың тиісінше рәсімделуі негізінде, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайда, тәртіпте жүргізіледі. Банк осындай жағдайларда Салымшының шығарған шығындары үшін жауапкершілік көтермейді.

### **6 Тарау. Құпиялылық**

25. Салымшы және Банк ТҚЖ шарты бойынша банктік құпияларды, жеке деректерді, қаржылық, коммерциялық, өзге де ақпараттарды қатаң құпия сақтауға міндетті.

26. Стандартты талаптардың 24 тармағында көзделген міндеттемелер Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Клиент келесі банктік құпияларды, жеке деректерді, қаржылық, коммерциялық және ТҚЖ шарты бойынша өзге де құпия ақпараттарды ашуға рұқсат етеді:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарға – соттарға мәліметтер беру;

2) Банкте аудит жүргізу кезінде аудиторлық ұйымға мәліметтер беру;

3) Салымшы ТҚЖ шарты бойынша өз міндеттемелері мен құқықтарын үшінші тұлғаға берген жағдайда мәліметтер беру;

4) Салымшыларды тарту және Банктің Салымшылардың алдындағы міндеттерін орындау және Клиентке Сертификаттың көшірмесін беру мақсатында Банк Клиент тарту, Банк талаптарына сәйкестігін тексеру, Клиент құжаттарын Банкке тапсыру бойынша тиісті шарт (келісім) жасалатын (келешекте жасалатын) Банк Агентіне ақпарат беру;

5) Салымшыға берілген заем туралы кредиттік бюроларға мәліметтер беру;

6) Банкпен азаматтық-құқықтық мәмілелер шеңберінде үшінші тұлғаларға мәліметтер беру.

### **7 Тарау. ТҚЖ Салымдары бойынша Параметрлерді өзгерту**

27. Сертификатта көрсетілген ТҚЖ Салымдары бойынша Салымшының тиісті өтініші негізінде Банктің келісімімен параметрлер өзгертілуі мүмкін.

28. Салымшы таңдаған Тарифтік бағдарламаға және Банктің ішкі құжаттарының талаптарымен рұқсат берілген болса Сертификатта көрсетілген ТҚЖ Салымы бойынша Параметрлер өзгертілуі мүмкін.

29. Сертификатта көрсетілген ТҚЖ Салымы бойынша Параметрлер өзгерген жағдайда, Банк Салымшыға ТҚЖ Салымы бойынша Параметрлері өзекті жаңа Сертификатты береді/жібереді, сонымен бірге, бұрын берілген/жіберілген Сертификат өз күшін жояды.

30. Сертификатта көрсетілген ТҚЖ Салымы бойынша Параметрлер өзгерген жағдайда, Банктің [www.hcsbk.kz](http://www.hcsbk.kz) мекенжайы бойынша Интернет – ресурсындағы (Салымшы Интернет-банкинг жүйесіне тіркелген жағдайда) Интернет-банкинг Жүйесінде Салымшының жеке кабинетіне Банк өзгертілген Сертификатты орналастырады немесе өзгертілген Сертификатты Банк Салымшысының қолына береді.

### **8-тарау. ТҚЖ шартын бұзу**

31. Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген мерзім ішінде Комиссиялық алымды (Тарифтерге сәйкес оның төлемі қажет болған жағдайда) толық көлемде төлемеген жағдайда, Қосылу туралы өтінішке қол қойылған күннен бастап, ТҚЖ шарты автоматты түрде және толығымен бұзылды деп есептеледі.

32. Банк тарапынан ТҚЖ шартын бір жақты бұзу және Шотты жабу - қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамамен көзделген жағдайлар басталған кезде жоғарыда көрсетілген Ескертуді Клиентке жіберген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні өтуі бойынша, Клиентке тиісті Ескертуді жіберу арқылы жүзеге асырылады.

33. Кәмелет жасқа толмаған Салымшыға тиесілі ТҚЖ шарты бойынша құқықтар мен міндеттемелерді беру және/немесе ТҚЖ Шартын бұзу операцияларын рәсімдеген кезде, ондай келісім Қазақстан Республикасының заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес талап етілмеген жағдайды қоспағанда, Банктің ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жанашыр және қамқоршы органның, сондай-ақ екінші ата-ананың келісімдері қажет.

34. Банк ТҚЖ шартын бұзу кезінде Тарифтерге сәйкес Комиссияларды төлетуге құқылы.

### **9-тарау. Басқа талаптар**

35. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген көлемде және тәртіпте, депозиттерге міндетті кепілдік беретін ұйым ТҚЖ салымына кепілдік береді.

36. Салымшы Қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, кәсіпкерлік, қорғаушылық, жеке меншік нотариалдық қызметпен, сондай-ақ жеке меншік сот орындаушысының қызметімен байланысты операцияларды іске асырмайтындығын растайды.

37. Салымшы ТҚЖ шартын жасаса отырып, оның ағымдағы шотына және/немесе Шотына келіп түскен ақша сомасынан Банкке Тарифтер бойынша Комиссиясын ұстап қалуға, сондай-ақ Салымшының Шотына қате есептелген ақшаны кез-келген банктегі оның кез-келген шотынан Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте өндіріп алуға келісімін/рұқсатын береді.

38. ТҚЖ шарты бойынша міндеттемелерін орындау барысында Тараптардың арасында келіспеушіліктер орын алған жағдайда, Тараптар дауларды сот тәртібінен тыс шешу үшін барлық шараларды қолдануға міндетті. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулы жағдайлар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаралады.

ТҚЖ шарты бойынша тараптардың бірі қайтыс болған жағдайда/қайта құрылса, ТҚЖ шарты бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттері олардың мұрагерлеріне (құқықты мирасқорға) ауысады.

39. Салымшы Қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, ТҚЖ шартына қатысты талаптар, акциялар және т.б. туралы Салымшы Банкпен байланыс жасау мақсатында жазбаша көрсеткен телефон(-дар) нөмірі(-лері) бойынша, соның ішінде sms- хабарламалар жолымен жазбаша хабар/хабарлама жіберу жолымен Банктің өзіне хабар/хабарлама жіберуіне келісімін

береді. Банктің ондай телефон(-дар) нөмірі(-лері) бойынша, sms-хабарламалар арқылы берген ақпараттары осы Стандартты талаптарға қосылу туралы өтінішке қол қоюмен білдірілген Салымшының келісімімен берілген болып танылады.

40. Салымшы Қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып және ТҚЖ шартын жасай отырып, ТҚЖ шартында көрсетілген кодтық сөзді хабарлаған жағдайда, Банктің телефон арқылы ТҚЖ шартының талаптары, Шотқа жарналардың түсуі және Шоттың жағдайы туралы ақпараттарды беруіне келісімін береді. Құпиясөзді үшінші тұлғаларға бергені үшін Салымшыға жауапкершілік жүктеледі.

41. Салымшы ТҚЖ салымы бойынша параметрлерін «www.hcsbk.kz» Интернет-ресурсында ұсынылған және орналастырылған Тарифтік бағдарламаға сәйкес таңдады.

Салымшы осы Стандартты талаптарға қосылған сәттен бастап Тарифтік бағдарламаға сәйкес келетін және Сертификатта көрсетілген ТҚЖ салымы бойынша параметрлер қабылданады.

## «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ-ДА БАНКТІК АҒЫМДАҒЫ ШОТТЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖЕКЕ АРНАЙЫ ШОТ АШУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУДІҢ СТАНДАРТТЫ ТАЛАПТАРЫ

### 1-тарау. Терминдер мен анықтамалар

1. «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-да банктік ағымдағы шотты ашу және енгізудің Стандартты талаптарының мақсаты үшін қолданылатын терминдер мен анықтамалар (осы қосымша аясында әрі қарай-Стандартты талаптар) төмендегілерді білдіреді:

1) **Қосылу туралы өтініш** – осы Стандартты талаптарға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес берілетін Стандартты талаптарға қосылуға (Банк нысаны бойынша) арналған өтініш, мазмұны Банкке бағытталған Клиентің жазбаша ұсынысы (оферт). Қосылуға арналған өтініш Стандартты талаптардың ажырамас бөлігі болып табылады;

2) **Клиент** – банктік қызметтерді қолданушы жеке тұлға.

### 2-тарау. Ағымдағы шотты ашу

2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жарытымды талаптардың нысаны және мазмұны бойынша Банк анықтаған барлық қажетті құжаттарды Клиент тапсырғаннан кейін (соның ішінде, Банк Агенттері арқылы) Қосылу туралы өтініш негізінде Банк Клиентке ағымдағы шотты ашады. Клиент Банктен бір ағымдағы шот ашуға құқылы.

3. Банк клиент офертін (Қосылу туралы өтініште қамтылған) мақұлдауы арқылы (ағымдағы шоттың ашылатынлығы туралы хабарламаны Клиентке беру/жіберу арқылы) Клиентке ағымдағы шоттың ашылатындығын растайды.

4. Банк Клиенттен келіп түсетін (оның ішінде, ТҚЖ шартын бұзу немесе басқа операциялар кезінде) немесе Клиенттің пайдасына үшінші тұлғадан келіп түсетін ақшаны, Банк берген тұрғын үй заемының, алдын ала және аралық тұрғын үй заемдары сомасын ағымдағы шотқа аудару үшін, Клиенттің төмендегілерді иемденуіне сәйкес ағымдағы шотты ұлттық валютада - теңгемен ашады:

- Клиент алған тұрғын үй заемдары, алдын ала және аралық тұрғын үй заемдары бойынша негізгі қарыз және сыйақы сомаларын өтеу;
- Банктің Клиентке көрсеткен қызметтері үшін комиссияларды төлеу;
- Қолма қол ақша беру немесе ақша аудару.

Банк осы Стандартты талаптарға сәйкес Клиентке немесе үшінші тұлғаларға тиісті ақша сомасын аудару (беру) туралы Клиенттің өкімін де орындайды.

5. Банк Клиенттің пайдасына үшінші тұлғалардан келіп түсетін тұрғын үй төлемдерін есептеу үшін ұлттық валютада (теңгемен) меншікті арнайы шотты Клиенттің Өтініш бойынша ашады және Клиенттің өкіміне сәйкес төлемдерді төмендегі мақсаттарға жүзеге асыруға:

1) өз меншігіне үй алу, соның ішінде төлемді бөліп төлеумен немесе ипотекалық кредитті пайдаланумен (заем) ;

2) тұрғын үйдің жалға алу ақысын төлеу немесе тұрғын үйді кейін сатып алумен жалға алу төлемі;

3) бұрын алған ипотекалық кредитті өтеу (заем);

4) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу кезіндегі жарналарды төлеу;

5) тұрғын үй және тұрғын үй –құрылыстық кооперативке қатысу кезіндегі жарналарды төлеу;



б) қызметтен қуылған тұлғаларды қоспағанда, «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы» Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тұрғын үй талаптарын жақсарту мақсатына сұралмайтын тұрғын үй құрылыс жинақтары түріндегі жинақтарды толықтыру;

7) «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылыс жинақ ақшалары туралы » Қазақстан Республикасының заңына сәйкес тұрғын үй талаптарын жақсарту.

6. Банктің Клиентпен Шотты ашу (қызмет көрсету) және Шотты жабуға қатысты өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен, Банкінің ішкі құжаттарымен, Банк белгілеген тарифтермен және осы Стандартта талаптармен реттеледі.

7. Банктің Клиентке көрсеткен қызметтерінің ақысын төлеу құны Банкінің Клиенттің шотынан растаусыз тәртіпте ақшаны алуы арқылы жүзеге асырылады. Банк көрсеткен қызметтер ақысы Банк операция жүргізген күндегі тарифтермен белгіленеді.

8. Банк осы Стандартты талаптарға, Банктің іші құжаттарының және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес ағымдағы шотты ашудан бас тартуға құқылы.

9. Клиенттің атына үшінші тұлғаның ағымдағы шотты ашуы және/немесе жүргізу/жабуы Банктің ішкі құжаттарының және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

10. Ағымдағы банктік шоттардың ашылуы және жабылуы туралы Банк салық мекемелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімде хабарлайды.

11. Клиент ағымдағы шотты ашуы үшін Банкке «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» АҚШ заңында, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген құжаттар мен ақпараттарды беруге, сондай-ақ, Банктің талабы бойынша Клиенттің құқықтық мәртебесін (резиденттігі/азаматтығы) растайтын құжаттар мен ақпараттарды беруге міндетті.

12. Банк төмендегі:

- Банктің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының және «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» АҚШ-тың заңына талаптарын орындауы мақсатында Клиентті сәйкестендіруге қажет ақпараттарды немесе құжаттарды Клиент тапсырмаған кезде;

- Егер Банктің клиенттің ақшасымен және (немесе) басқа мүлкімен жасалған операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және (немесе) терроризмді қаржыландырумен байланысты деп болжауына негіздері бар болған жағдайларда осы Стандартты талаптарда (операцияларды жүргізуден бас тартуға) көзделген талаптарды орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы.

### **3-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

#### **13. Клиент:**

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және/немесе Клиенттің Банк алдындағы міндеттемелерімен басқалай көзделмеген жағдайда, Банк Шотындағы ақшаны иеленуге;

2) Стандартты талаптармен көзделген операцияларға өкім беруге;

3) үшінші тұлғаның ағымдағы шотты сенімхат бойынша иеленуіне құқық беруге;

4) мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде рәсімделген төлем құжаттарын беруге;

5) Ағымдағы шоттың жағдайы туралы ақпараттарды сұрату бойынша алуға **құқылы**.

#### **14. Банк:**

1) ақшаның Клиент пайдасына қате қабылданғаны туралы (есептелген) дерегі орын алған жағдайда, осы қателерді жою мақсатында, Клиенттің кез келген банктердегі кез келген шоттарынан көрсетілген ақшаны рұқсатсыз алуға (есептеп алуға);

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес құзыретті органдардың сәйкес шешімінің (қаулысының) негізінде Клиенттің Ағымдағы шотынан ақшаны алуды жүзеге асыруға, Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтатуға немесе ақшаны бұғаттауға;

3) Ақцептісіз тәртіпте Клиенттің Ағымдағы шотынан ақшаны:

- негізгі борышты және Клиент алған тұрғын үй, алдын-ала және аралық тұрғын үй заемы бойынша сыйақы сомасын өтеуге;

- Банктің Клиентке көрсететін қызметтері үшін Комиссияны төлеуге;

- Банктің көрсеткен қызметтері үшін, сондай-ақ Тарифтер және/немесе жасалған Шарттар бойынша есептелген тұрақсыздық айыбын төлеуге есептен шығарылсын.

4) Клиенттің алдын ала келісімінсіз Тарифтерге біржақты тәртіпте өзгертулер енгізуге;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзғанын куәландыратын, есеп (төлем) құжаттары дұрыс ресімделмеген және олардың Банкіге тапсырылу мерзімі бұзылған, осы нұсқауларды орындау үшін Ағымдағы шотта қаражаттардың жеткіліксіз болу деректері орын алған жағдайда Ағымдағы шоттан ақшаны алу немесе ағымдағы шотқа ақша аудару туралы Клиенттің немесе үшінші тұлғаның берген нұсқауларын орындамауға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының орындалуын тексеру мақсатында Клиенттен ағымдағы шот бойынша операциялар жүргізуге қатысты ақпараттар мен құжаттарды талап етуге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ағымдағы шотты жабуға **құқылы.**

#### **15. Клиент:**

1) Тарифтер бойынша Комиссияларды төлеу қажеттілігі туралы оның өкімін орындау үшін ағымдағы шотта қажетті ақша сомасының болуын қамтамасыз етуі;

2) ағымдағы шот бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін Банкке дұрыс ресімделген есеп құжаттарын Банк белгілеген операциялық күн ішінде ұсынуға;

3) Банк көрсеткен қызметтерді Тарифтерге сәйкес уақтылы және толық көлемде төлеуге;

4) осы Стандартты талаптардағы жағдайлардың орындалуына ықпал ететін Банктің мекен-жайы және басқа деректемелерінің өзгергені туралы мәліметтерді осы өзгертулер туындаған күннен бастап операциялық 5 (бес) күн ішінде Банкке мәлімдеуге;

5) ағымдағы шотқа қате есептелген ақша қаражаттары туралы мәліметті ағымдағы шоттың үзінді көшірмесін алған күннен бастап операциялық 5 (бес) күн ішінде Банкке хабарлауға;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының орындалуын тексеру мақсатында ағымдағы шот бойынша жүргізілетін операцияларға қатысты қосымша ақпараттарды және құжаттарды Банктің сұратуы бойынша ұсынуға **міндетті.**

#### **16. Банк:**

1) Клиенттің пайдасына келіп түскен ақшаны қабылдауға;

2) ақшаны үшінші тұлғаның пайдасына аудару туралы Клиенттің өкімін орындауға;

3) Клиенттен ақшаларды қабылдап алуға және оған қолма-қол ақшаны беруді жүзеге асыруға;

4) Клиенттің талабы бойынша Клиенттің ағымдағы шотындағы ақша сомалары туралы және осы Стандартты талаптарға сәйкес шот бойынша үзінді көшірме нысанында жүргізілген операциялар туралы ақпараттар беруге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес банктік құпияны сақтауға **міндетті.**

### **4-тарау. Айрықша жағдайлар**

17. Ағымдағы шотты жабу Клиенттің өтініші бойынша, сондай-ақ ағымдағы шотта ақша болмаған және/немесе бір жылдан артық ақша қозғалысы болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Банк ағымдағы шотты Клиенттің өтініші келіп түскен жағдайда жабады және Клиенттің нұсқауларына сәйкес Клиенттен осындай өтініш алған күннен бастап операциялық 5 (бес) күн ішінде ағымдағы шоттағы ақша қалдықтарын (болған жағдайда) аударды (береді).

18. Ағымдағы шот жабылғаннан кейін Клиенттің пайдасына ақша түскен жағдайда, Банк ақшаны жіберушіге қайтарады.

19. Қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, Клиент ағымдағы шот бойынша кәсіпкерлік, қорғаушылық, жеке меншік нотариалдық қызметпен, кәсіби медиаторлық қызметпен, сондай-ақ жеке меншік сот орындаушысының қызметімен байланысты операцияларды іске асырмайтындығын растайды.

### **5-тарау. Тараптардың жауапкершілігі**

20. Тараптар Стандартты талаптар аясында қабылдаған өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік алады.

21. Тараптар осы Стандартты талаптар бойынша өз міндеттемелерін, егер ол дүлей күштің: су тасқыны, зілзала, апат, табиғи апаттар, қоршауда қалу, ереуіл, әскери іс-әрекеттер, ылаңкестік әрекеттері және Тараптар күні бұрын болжап біле алмайтын және осы Стандартты талаптардың орындалуына тікелей әсер еткен басқа да жағдайлардың ықпалынан орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Мұндай дүлей-күш жағдайларына сондай-ақ, электр қуатының өшуі, байланыс торабының ақаулануы, Банктің немесе Клиенттің кінәсі болмаған жағдайда үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері жатады.

22. Банк Қазақстан Республикасы заңнамаларымен белгіленген негізде және тәртіпте ағымдағы шоттағы ақшаны өндіру жағдайларына жауапты емес.

23. Банк Клиент сенімхатты жойған және бұл туралы Банкке бір операциялық күн ішінде жазбаша хабарламаған жағдайда немесе Клиенттің қайтыс болып, ол туралы Банкке мәлім болмаған жағдайда, Клиенттің өкіліне ағымдағы шоттағы ақшаларды сенімхат бойынша берілгені үшін жауапты емес.

### **6-тарау. Кіріс және шығыс ақша аударымдары**

24. Барлық ақшалай төлемдер мен аударымдар Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген талаптарды есепке ала отырып, осындай операцияларды өңдеу үшін қажет мерзімдерге сай Банктің орындауына жатады.

25. Ағымдағы шоттағы ақшаларға иелік ету Банк белгілеген стандартты формалар бойынша Клиенттің жазбаша тапсырмалары/төлем құжаттары арқылы жүзеге асырылады.

26. Клиент осы арқылы төмендегілерді назарына алады және келіседі:

- Банк осы Стандартты талаптарда көрсетілген талаптарды үйлестірмейтін ақша төлемдерін/аударымдарын табудың электронды және басқа да әдістерін қабылдай алады;

- осындай ақша төлемдері/аударымдары табылған жағдайда, Банк Клиенттің төлем құжаттарын қабылдаудан бас тартуға және жоғарыда көрсетілген төлем/аударымдарын талдау үшін қажетті кез-келген қосымша ақпараттарды беруін талап етуге құқылы. Егер, мұндай ақпарат Банк белгілеген мерзімде берілмесе, Банк Клиент атынан есептелген ақшаны қайтаруға немесе төлем құжаттарын /Клиенттің пайдасына түскен ақшаны қабылдаудан бас тартуға құқылы.

27. Осы Стандартты талаптарға қосыла отырып, Клиент Банкке сөзсіз және қайтарып алмайтын келісімін береді, олар:

- төлемдер/аударымдар/төлем құжаттары туралы ақпараттарды құқық қорғау органдарына, уәкілетті органдарға, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мекемелерге беруге;

- Банктің заемдық және басқа да операциялар бойынша кредиттік бюроға ақпараттарды ашуына; бұл келісім Банк белгілеген нысандар бойынша тиісті құжаттармен рәсімделеді;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, коммерциялық емес «Азаматтар үшін үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» АҚ –ға берілетін Клиенттің міндетті зейнетақы жарнасы туралы ақпараттарды жинақтаушы зейнетақы қорына алуға ;

- коллекторлық компанияларға мерзімі өткен заемдар бойынша ақпараттарды, көрсетілген шарттар бойынша талаптар құқығын оларға беру кезінде банктік заем шарттарының талаптары (Кредиттік лимитті беру) туралы ақпараттарды беруге;

- Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары аясында ағымдағы шотқа қате есептелген ақша сомаларын ағымдағы шоттан тікелей дебеттеуге;

- Клиент жәрдемақы немесе әлеуметтік төлем түрінде алатын ақшаны, мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорынан төленетін ақшаны, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының заңымен көзделген тұрғын үй төлемдерін, нотариус талаптарында енгізілген депозит ақшаларын және «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтаушы салымы туралы шарт бойынша банктік шотта тұрған ақшаны қоспағанда, Банк алдындағы Клиенттің Берешегі сомасын Банктің ағымдағы шоттан тікелей дебеттеуі және/немесе растаушы құжаттардың көшірмесінің/түпнұсқаларының қосымшаларымен төлем талаптарын немесе төлем ордерлері негізінде дебеттеуі

## «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЭЛЕКТРОНДЫ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕР ҰСЫНУЫНЫҢ СТАНДАРТТЫ ТАЛАПТАРЫ

### 1-тарау. Терминдер мен анықтамалар

1. «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ электронды банктік қызметтерді ұсынуының осы Стандартты талаптарының мақсаты үшін қолданылатын терминдер мен анықтамалар (осы қосымша аясында әрі қарай-Стандартты талаптар) төмендегілерді білдіреді:

1) **Шоттың балама коды** - Банктің Терминалдары және екінші деңгейлі банктердің банкоматтары арқылы Банкте ашылған, Клиенттің шотына ақша салуға пайдаланылатын код;

2) **Аутентификация** – Банк бекіткен Қауіпсіздік рәсімдерін пайдалану арқылы Электронды құжат жасаудың шынайылығы мен дұрыстығын растау;

3) **Верификация** – Интернет-банкинг жүйесінде алынған Бір рет пайдаланылатын кодты (сеанстық кілт) енгізу арқылы Электронды банктік қызмет алуға оның құқығын растау мақсатымен телефон нөмірлерін растауға бағытталған Клиенттің кешенді әрекеттері;

4) **Клиентті динамикалық сәйкестендіру** – Бір рет пайдаланылатын кодты (сеанстық кілт) пайдалану арқылы Электронды банктік қызмет алуға оның құқығын растау мақсатымен Клиенттің шынайылығын анықтау рәсімдері;

5) **Жеке сәйкестендіруші нөмір (ЖСН)** – жеке тұлға үшін, соның ішінде жеке кәсіпкерлік ретінде қызмет атқаратын жеке кәсіпкер үшін жасалынатын бірегей нөмір.

6) **Ақпараттық-банктік қызмет** – Клиенттің сауалы бойынша немесе Стандартты талаптар аясында оның шотындағы ақша қалдығы мен қозғалысы туралы, жасалған төлемдер мен ақша аудару туралы ақпараттарды және көрсетіліп жатқан және көрсетілген банктік қызмет туралы басқа да ақпараттарды Банктің Клиентке беруіне байланысты электронды банктік қызмет;

7) **Байланыс арналары** – Банк анықтайтын тәртіпте және талаптарда пайдаланылатын электронды пошта (email), пошта байланысы, [www.hcsbk.kz](http://www.hcsbk.kz) Интернет-ресурсы, SMS-хабарламалар, телефондар, терминалдар арқылы Клиент пен Банк арасындағы ақпараттарды беру құралы;

8) **Конклюдентті әрекеттер** – ауызша немесе жазбаша ерік білдіру түрінде емес, іс-әрекетіне/қылығына қарап мұндай ниеті туралы қорытынды жасауға болатын, оның құқықтық қатынас орнату еркін білдіретін Клиенттің әрекеті;

9) **Логин** – Аутентификация рәсімінен өткен кезде Интернет-банкинг жүйесіне қосылу үшін Клиент пайдаланатын бірегей символдар жиынтығы;

10) **Бір рет пайдаланылатын код (сеанстық кілт)** – Интернет-банкинг жүйесінде белгілі бір Операцияларды жасауға және растауға мүмкіндік беретін, тек қана Клиентке ғана белгілі сандық комбинациялардың бірегей реттілігі. Бір рет пайдаланылатын кодты (сеанстық кілт) Клиенттің сауалы бойынша Интернет-банкинг жүйесі құрады, Банк (Логин ретінде пайдаланылатын) Телефон нөміріне SMS-хабарлама құрамында жібереді. Верификация, Клиентті қосымша тіркеу үшін немесе оның Операцияларын растау үшін пайдаланылады;

11) **Операция** – Шотта көрсетілуге жататын кез келген Операция (транзакция), Шотқа қолма-қол немесе қолма-қол емес тәсілмен Шотқа ақша салу; Төлемді қайтару; қарызды өтеуге Банктің ақшаны есептен шығару; өтінішке, банктік заем шартына сәйкес, Шоттан есептелінген төлемдерді, комиссияларды және сыйақыларды есептен шығару; Клиенттік Шотында көрсетілуі тиіс басқа да операциялар;

12) **Пароль** – Интернет-банкинг жүйесінде Клиентке аутентификация жасауға мүмкіндік беретін Клиентке берілген Логинге байланысты, тек қана Клиентке белгілі әріп-сандық таңбалардың реттілігі;

13) **Тапсырма** – Банк Электронды банктік қызмет көрсеткен кезде пайдаланылатын Байланыс арналары бойынша Банкке берілген Интернет-банкинг жүйесіндегі Логинмен және Парольмен куәландырылған Клиенттің Шотында Операциялар жасау туралы Клиенттің өкімі;

14) **Өкіл** – анық үшінші тұлға-салымшының атынан, соның ішінде кәмелет жасқа толмаған

баланың атынан Банкпен ТҚЖ шартын жасасқан жеке тұлға (Заңды өкіл/асырап алушы/қамқоршы/сенімді тұлға);

15) **Мемлекеттің сыйлықақысы** - Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасы туралы» Заңына сәйкес республикалық бюджеттен жыл сайын бөлінетін және жыл қорытындылары бойынша салымның жинақталған сомасына есептелетін ақша және тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің сыйақысы.

16) **Қауіпсіздік рәсімдері** – берілген және алынған Электронды құжаттардың мазмұнындағы өзгерістер енгізу және/немесе қате табу және Электронды банктік қызмет алуға оның құқығын анықтау мақсатында Электронды құжаттарды жасаған, берген және алған кезде Клиентті сәйкестендіруге арналған ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-техникалық құралдарының және ұйымдастыру шараларының кешені;

17) **Тіркеу** – Пароль алуға және оны Интернет-банкинг жүйесінде енгізуге бағытталған Клиенттің әрекеттерінің кешені, соның ішінде Аутентификация/Верификация;

18) **Терминал** – қолма-қол ақша беру (қабылдау), төлемдер жасау және ақша аудару бойынша Операциялар және Операциялардың басқа да түрлерін өткізуге арналған, сондай-ақ тиісті Операциялардың өткізілген дерегін растайтын құжат толтыруға арналған электронды-механикалық құрылғы;

19) **Транзакциялық-банктік қызметтер** – Клиенттің Шот(тар) ашуына және жабуына, төлемдер жасауға және ақша аударуға, Ақпараттық-банктік қызметке жатпайтын Операциялардың басқа да түрлерін жасауға байланысты Электронды банктік қызмет;

20) **Тіркеу жазбасы** – Электронды банктік қызметке қолжетімділік беру мақсатында Клиентті сәйкестендіретін, Интернет-банкинг жүйесіндегі Клиенттің тіркеу мәліметтері;

21) **Банк Филиалы** – Банктің орналасқан орнынан алшақ, заңды тұлға болып табылмайтын, Банк атынан Операция жасайтын және оған Банк берген өкілеттілік шеңберінде әрекет ететін Банктің оқшау бөлімшесі;

22) **Электронды банктік қызметтер** – Клиенттің өзінің(-дерінің) шотына(-тарына) Шоттағы (-тардағы) қаражат сомасы туралы, Шот(тар) бойынша жасалған Операциялар туралы ақпарат алу үшін рұқсат алумен, төлемдерді және ақша аударымдарымен, Шотты(-тарды) ашумен және жабумен және/немесе спутниктік байланыс немесе байланыс түрлері арқылы, телекоммуникация желісі бойынша Банк ұсынатын Операциялардың басқа да түрлерімен жүзеге асырумен байланысты қызметтер. Электронды банктік қызметтер Ақпараттық-банктік және Транзакциялық-банктік қызметтерге бөлшектенеді және осы Шарт талаптарына сәйкес және Банкте бекітілген тәртіпте Банктің Интернет-ресурсында Интернет-банкинг жүйесінде орналастырылатын электронды банктік қызметтерді (Ереже) ұсыну қызметі көрсетіледі;

23) **Электронды құжат** – электронды-сандық нысанда берілген және Интернет-банкинг жүйесінде жіберуші (Клиент немесе Банк) құрған сәйкестендіруші қаражаттармен куәландырылған және бұрмалаулардан тұрмайтын және/немесе құрылғаннан кейін оған енгізілген өзгертулерден тұрмайтын ақпараттар сақталатын, Электронды банктік қызметтерді алуға бағытталған электронды құжат.

## 2-тарау. Негізгі ережелер

2. Осы Стандартты талаптар Банктің бағдарламалық кешенін (бағдарламалық қамсыздандыруды қоса алғанда) бағамдайтын, Клиентке [www.hcsbk.kz](http://www.hcsbk.kz) Интернет-ресурсы арқылы (әрі қарай – Интернет – банкинг Жүйесі) Интернет Желісі арқылы осы Стандартты талаптарға сәйкес электронды банктік қызметтерді көрсетуге рұқсат беретін электронды банктік қызмет көрсету тәртібі мен талаптарын анықтайды.

3. Стандартты талаптар аясында Банк Клиенттің офертiнiң (Қосылу туралы шартта қамтылған) акцептiсi арқылы (Клиентке ТҚЖ салымы туралы Сертификатты және/немесе ағымдағы шоттың ашылғандығы туралы хабарламаны беру/жіберу арқылы) Шарт жасайды.

4. Клиент пен Банк арасында өзара қарым-қатынаста қолданылатын, Интернет-банкинг жүйесінде Клиент сәтті авторландырған электронды түрдегі құжаттар, қағаз тасымалдағыштағы тиісті құжаттарға тең болып есептеледі және осы Шарт бойынша Тараптардың оларға ұқсас

құқықтары мен міндеттері туындайды (қағаз жүзінде берілуі тиіс Қазақстан Республикасының құқықтық актілеріне сәйкес құжаттар мен шарттарды қоспағанда).

5. Банк Интернет – банкинг жүйесінде байланыстың электронды арналары арқылы берілетін ақпараттарды қауіпсіздікпен және құпиялықпен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін технологияларды пайдаланады.

6. Интернет-банкинг Жүйесінде Клиенттің атынан жасалған барлық Операциялар үшін жауапкершілік пен міндеттемелерді Клиент алады: Банк үшінші тұлғаның ТҚЖ Салымына қолжетімділіктің әйгілі тәсілдерін және төлемдерді немесе ақша аударымдарын санкциялауды пайдалана отырып Клиент атынан Интернет-банкинг Жүйесінде Операциялар жүргізгені үшін жауапкершілік алмайды.

7. Клиенттің өзі немесе оның кінәсінен немесе мұқиятсыздығынан/сақ болмауынан Клиенттің Шотына рұқсат алған/рұқсаты бар үшінші тұлғалар тигізген және Банкке де келтірілген шығындар/зияндар және т.б. үшін Клиент жауапты болып табылады.

8. Жеке басты куәландыратын құжаттардың деректемелерін қоса алғанда, Клиент Банкке оның деректемелерінің өзгергендігі туралы уақтылы ескертпегені үшін, сондай-ақ күмәнді деректемелерді қолдана отырып, Интернет-банкинг Жүйесінде операцияларды аяқтағаны үшін жауапкершілік көтереді.

9. Клиенттің атынан жасалған барлық Операцияларды Клиент жасаған болып табылады.

10. Клиент осы арқылы, компьютер және басқа да жабдықтар, Логиндер, құпиясөздер мен басқа да Клиентті сәйкестендіру құралдары Клиенттің талабымен Банк Шотты бұғаттағанға дейін Клиенттің Шотында жасалған Операцияларға қатысты тәуекел және жауапкершілік арқалайтын Клиенттің басқаруында және қолдануында тұрған болып есептелетіндігімен сөзсіз келіседі (соның ішінде, Интернет-банкинг Жүйесіне, Клиенттің Шотына үшінші тұлғаның рұқсат етілмеген қолжетімділігі туралы күдіктері бар).

### **3-тарау. Интернет-банкинг Жүйесі арқылы Электронды банктік қызметтерді ұсыну және пайдалану тәртібі**

11. Интернет-банкинг Жүйесі арқылы Электронды банктік қызметтерді ұсыну Клиент Стандартты талаптарға қосылғаннан кейін мүмкін болады.

12. Интернет-банкинг Жүйесі арқылы Электронды банктік қызметтерді алу үшін Клиент:

- Шоты;
- «Интернет» желісіне рұқсаты;
- Банктің Филиалына хабарласқан кезде Банктің ақпараттық жүйесіндегі телефон нөміріне сай телефон нөмірі;
- Электронды сандық қолтаңбамен қол қойылуы талап етілетін Электронды құжаттарды жасау үшін Электронды сандық қолтаңбасы;
- Логин мен Құпиясөзі болуы қажет.

13. Интернет-банкинг Жүйесіндегі Электронды банктік қызметтерге қолжетімділік қажетті төмендегі электронды тіркеу нысандарын толтыру жолымен пайдаланушы ретінде Тіркеу арқылы жүзеге асырылады: Шоттың Баламалы құпиясөзін және телефон нөмірін көрсету (алдағы уақытта Логин ретінде қолданылатын).

14. Электронды банктік қызметтерді алу үшін басты талап Операцияларды растау үшін Бір реттік құпиясөзді енгізу болып табылады. Интернет-банкинг Жүйесі Клиентті Интернет-банкинг Жүйесіне Тіркеу кезінде Интернет-банкинг Жүйесінде сәйкесінше қызметтерді таңдау арқылы Бір реттік құпиясөзді (сеанстық кілт) туындатады. Бір реттік құпиясөзді (сеанстық құпиясөз) Банк Электронды банктік қызметтерді қолданушы ретінде Тіркеу кезінде Клиент көрсеткен, АБАЖ-дағы телефон нөміріне сәйкес келетін Тіркелген телефон нөміріне жібереді.

15. Ақпараттық-банктік қызметтерді алу кезінде Операцияларды растау үшін Бір реттік құпиясөзді (сеанстық кілт) енгізу талап етілмейді.

16. Бір реттік құпиясөзді (сеанстық кілт) енгізу Клиентті тексеруді танытады, одан кейін Интернет-банкинг Жүйесі Клиенттің Динамикалық сәйкестендіруін Электронды банктік қызметтерді алуға оның құқығын растау үшін жүзеге асырады.

8) Интернет-банкинг жүйесіне қолжетімділік мақсатында Байланыс арнасын Клиенттің пайдалануына тұрақты немесе уақытша шектеу қоюға, соның ішінде тек қана белгілі бір Байланыс арнасы бойынша мүмкін болатын Операциялардың және Тіркеудің, Электронды банктік қызмет түрлерінің тізбесін шектеуге;

17. Интернет-банкинг жүйесіне және Түпнұсқаландыруға кіру үшін Тіркеу кезінде қолданылған Күпиясөз енгізіледі.

18. Тіркеу Клиент сәйкесінше ескертулерді алған кезде және Интернет-банкинг жүйесіне рұқсат берген кезде аяқталады.

19. Тіркеу үдерісінде туындаған Логин мен Күпиясөз Клиенттің кейінгі түпнұсқалау кезінде қолданылатын Интернет-банкинг жүйесіне қолжетімділігі үшін Есеп жазбасы болып табылады.

20. Интернет-банкинг жүйесіндегі бір ағымдағы сессия ішінде, Клиент Электронды банктік қызметтерді шектеусіз мөлшерде алуға құқылы. Қолжетімділік құрылғысы (компьютер, ұялы телефон, смартфон, планшет, басқа да құрылғылар) Интернет-банкинг Жүйесіне кіргеннен кейін 10 (он) минуттан аса әрекетсіз күйде қалған жағдайды қоспағанда, Бір ағымдық сессия уақыты Банкпен шектелмейді. Мұндай жағдайда Интернет-банкинг жүйесіндегі ағымдағы сессия және одан шығуы автоматты түрде жүзеге асырылады.

#### 4-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

##### 21. Банк:

1) Стандартты талаптарда және Ережеде қарастырылған талаптарда Электронды банктік қызмет көрсетуді;

2) Егер Стандартты талаптардың, Ереженің талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес келсе, Тапсырманы орындауды;

3) Банкке берілген жазбаша тиісті өтінішінде көрсетілген мерзімде Клиентке Электронды банктік қызмет көрсетуді тоқтатуды (қайта жалғастыруды);

4) Клиент сұраған ақпаратты Телефон нөміріне жіберуді;

5) Олардың алдындағы Клиенттік қарызын өндіру туралы үшінші тұлғалардың Шотқа талап

қоюы (төлем талап-тапсырмалары немесе инкассалық өкім) туралы хабарлауды;

6) Интернет-банкинг жүйесінде Шот бойынша рұқсат етілмеген Операциялар фактісі бойынша қозғалған қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеу жүрген жағдайда, құқыққорғау органдарымен ынтымақтастық жасау;

7) Электронды банктік қызмет көрсету кезінде банктік құпияны сақтауды **міндеттенеді**.

##### 22. Банк:

1) егер Клиент Аутентификацияға қажетті ақпараттарды растайтын құжаттарды тапсырмаса немесе оларда сенімсіз ақпарат болса, Электронды банктік қызмет көрсетуден бас тартуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексеру мақсатында Операциялар жасау үшін қосымша ақпараттарды және (немесе) құжаттарды Клиенттен сұрауға. Клиент Банкке қосымша ақпараттарды және (немесе) құжаттарды көрсеткенге дейін Интернет-банкинг жүйесінде Операция жасалмайды;

3) Банктік заемға қатысты, соның ішінде төлемдердің мерзімдері мен көлемдері туралы, сондай-ақ Банктің банктік қызметі туралы ақпараттық-жарнамалық сипаттағы мәліметтерге қатысты SMS-хабарламаны Операциялық күннің ішінде өз бастамасы және өз есебінен Клиенттің Телефон нөміріне жіберуге;

4) Клиент Бір рет пайдаланылатын кодты (сеанстық кілт) бұрыс көрсеткен жағдайда Операция жасаудан бас тартуға;

5) Стандартты талаптарда қарастырылған негіздер бойынша Транзакциялық-банктік қызмет

көрсетуден бас тартуға;

6) Интернет-банкинг жүйесіндегі интерфейс және техникалық баптауды өзгертуге;

7) Осы Стандартты талаптармен көзделген негіздер бойынша Электронды банктік қызмет көрсетуді тоқтатуға немесе доғаруға;



10) Аутентификация немесе Клиентке динамикалық сәйкестендіру сәтсіз болғанда Шот бойынша Операция өткізуден бас тартуға;

11) Үшінші тұлғалардың Шотқа қойған талаптары орындалмаған жағдайда (төлем талап-

9) Банктің осы арналар бойынша Интернет-банкинг жүйесіне рұқсат етілмеген қолжетімділікке үшінші тұлғалар ұмтылып жатыр, Клиенттің атынан, бірақ оның келісімінсіз Операция жасалынды деп есептеуге негізі болса, Интернет-банкинг жүйесіне бір немесе бірнеше қолжетімділік каналы бойынша Электронды банктік қызметке қолжетімділікті уақытша тоқтатуға немесе шектеу қоюға. Банк Операциялық күн ішінде, негіздерді көрсете отырып, Клиентке Телефонның нөміріне тиісті хабарлама жібереді. Клиенттің өзі Интернет-банкинг жүйесіне кіруге ұмтылғанын Клиенттің өзі растаса, қолжетімділікке шектеу дереу алынып тасталынады.

тапсырмалары немесе инкассалық өкім), Интернет-Банкинг жүйесінде Операцияларды жасаудан бас тартуға құқылы. Мұндай жағдайда көрсетілген талаптарды орындау үшін Клиентке Интернет-банкинг жүйесінде тек қана Шот толтыруға рұқсат етіледі.

12) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Клиенттің Операцияларын тоқтата тұруға **құқылы**.

### 23. Клиент:

1)Стандартты талаптарда қарастырылған тәртіпте Тарифтермен бекітілген көлемде Электронды банктік қызметке ақы төлеуді;

2)Телефон нөмірі және өзге деректері өзгерген жағдайда, Жаңа деректемелерді көрсете отырып, Банктің ішкі құжаттарында бекітілген нысан бойынша Банкке Клиент деректерінің өзгеруіне өтініш тапсыруды;

3)Логин, Пароль және Бір рет пайдаланылатын код (сеанстық кілттер) туралы ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуді;

4)Интернет-банкинг жүйесіне үшінші тұлғалардың рұқсат етілмеген қолжетімділігіне жол бермеу мақсатында, Клиенттің қалауы бойынша қажет болған жағдайда немесе белгіленген мерзімде Парольді өзгертуді;

5)Электронды банктік қызмет алу кезінде берілген ақпараттың құпиялылығы үшін жауапкершілік көтеруді;

6)SIM-картаны жоғалтқан, ұрлатқан және айырылудың басқа да жағдайларында, сондай-ақ, SIM-картаны ауыстырғанда немесе кез келген негіздер бойынша үшінші тұлғаға бергенде, Телефон нөмірін ауыстыру мақсатында Банктің ішкі құжаттарында бекітілген нысан бойынша Клиенттің деректерін өзгертуге өтінішпен Банкке дереу хабарласуды

7)Клиенттің келісімімен немесе Логин, Парол және Бір рет пайдаланылатын код (сеанстық кілт) туралы ақпаратты Клиент жариялауының салдарынсыз үшінші тұлғалар жасаған Интернет-банкинг жүйесіндегі Операциялар үшін Банкке кінәрат-талап қоймауды **міндеттенеді**.

### 24. Клиент:

1)Стандартты талаптарда және Ережеде қарастырылған тәртіпте Электронды банктік қызметті пайдалануға;

2)Тапсырма негізінде жасалған Операциялар туралы қағаз нұсқасында Банктен растау алуға;

3)Электронды банктік қызмет беруді тоқтату (Тіркеу жазбасын бұғаттау) туралы Интернет-банкинг жүйесіне мәлімдеу. Электронды банктік қызмет көрсетуді қайта жалғастыру Банк Филиалында тікелей көрсетілген жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады.

4)Интернет-банкинг жүйесінде Парольді өз қалауы бойынша өзгертуге;

5)Электронды банктік қызмет алу мәселелері бойынша Банктен кеңес алуға;

6)Ұялы байланыс Операторы арқылы Телефон нөмірін бұғаттауға және Интернет-банкинг Жүйесіндегі Шотқа рұқсат етілмеген қолжетімділіктің анықталғаны (күдік) туралы Банкке кез келген тәсілмен хабар беруге **құқылы**.

## 5-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

25. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Банк Операциялар/Шоттар бойынша төлемдерді жүзеге асыру нәтижесінде келіп түскен Клиент ақшасының сақталуы үшін Банк жауапкершілік алады. Қате аударылған қаржы қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіпте қайтарылады. Сонымен қатар, осы Стандартты талаптар бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Клиент алдындағы Банктің

жауапкершілігі, Банктің тікелей әдейі жасаған әрекеттерінен шығын келтірілген талаптары кезінде, Электронды банктік қызметтерді көрсету нәтижесінде келтірілген нақты зиянның көлемімен шектеледі.

26. Осы Стандартты талаптарда және/немесе басқа да банктік қызмет көрсету шарттарының талаптарында және шеңберінде Электронды банктік қызмет көрсету кезінде Клиенттен алынған мәліметтерді жарияламау үшін Банк жауапкершілік көтереді. Сонымен қатар, Банктің осы тармақ бойынша өз міндеттемесін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Клиент алдындағы жауапкершілігі, тікелей Банктің кінәсінен, әдейі жасалған әрекетінен мұндай зиян келген жағдайда, Клиент Электронды банктік қызметті пайдаланса, Клиенттің Банкке берген ақпаратын Банктің заңға қайшы пайдалануының салдарынан Клиентке келтірілген нақты зиян көлемімен шектеледі.

27. Клиент Тапсырманың анықтығы мен толықтығы үшін және олардың Клиенттің шынайы ниетімен сәйкестілігі үшін жауапкершілік көтереді.

28. Интернет-банкинг жүйесіндегі Электронды банктік қызметті пайдалану кезінде құжаттарды рәсімдеуде және дұрыс емес телефон нөмірін, деректемелерді көрсеткен жағдайда, Клиент жіберген қателіктер үшін Банк жауапкершілік көтермейді.

29. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық талаптарын және Стандартты талаптардың талаптарын Клиенттің бұзуы салдарынан, үшінші тұлғалардың төлемдерін орындаудың кешіктірілуі мен орындалмауы үшін, Клиенттің түсініксіз толық емес және дәл емес нұсқауларының салдарынан туындаған қателер және дұрыс ұғынбай және т.б. үшін, сондай-ақ байланыс желісінің бұзылуы, электр қуатының өшуі нәтижесінде пайда болған төлемдердің жүргізілуінің кешіктірілгені немесе орындалмағаны үшін, Банкке қатыссыз басқа да себеп бойынша, Банк жауапкершілік көтермейді. Банкке қатыссыз себептермен пайда болған және Клиенттік Банк хабарламаларын және Клиенттің шоты бойынша үзіндіні алмауына немесе уақтылы алмауына әкеп соққан Интернет, пошта, байланыс желісі жұмысындағы іркіліс үшін Банк жауапкершілік көтермейді. Банктің Стандартты талаптардың талаптарын орындамауына әкеп соққан техникалық іркілістер (электр қуатының және байланыс желісінің өшуі/бүлінуі, Банктің Мәліметтер базасының бағдарламалық қамсыздандыруындағы іркілістер, төлем жүйелеріндегі техникалық іркілістер) болған жағдайда, Банк мүлтік жауапкершіліктен босатылады.

30. Стандартты талаптар бойынша кез келген міндеттемені Тараптар бұзған жағдайда, тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлеу және шығындар мен шығыстарды өтеу Стандартты талаптар бойынша тиісті міндеттемелерді тиісінше орындау міндетінен босатпайды.

31. Форс-мажор туындаған жағдайда немесе табиғи апат, ауыртпалық, қоғамдық тәртіпсіздік және Тараптардың еркінен тыс басқа да себептерден туындаған Электронды банктік қызмет көрсетудегі үзілістер үшін, кез келген бүлінуден және құрылғылардың немесе байланыс жүйелерінің бұзылуынан туындаған зиян немесе шығын қандай болса да, Тараптардың ешқайсысы екінші Тарап алдында жауапкершілік көтермейді. Егер, мұндай кез келген жағдай Стандартты талаптарда бекітілген мерзімде міндеттемелердің орындалуына тікелей әсер етсе, онда бұл мерзім тиісті жағдай әрекетінің уақытына ұзартылады. Қазақстан Республикасының уәкілетті органының Форс-мажор жағдайының туындауын растайтын жазбаша куәлігі форс-мажордың дәлелі болады.

32. Егер Шот, Құпиясөз, Логин, бір рет пайдаланылатын код (сеанстық кілт) немесе Клиент жасаған Операциялар туралы ақпарат Банкке қатысы жоқ себептермен, соның ішінде естіп қою немесе оларды пайдалану кезінде Байланыс арналарын «ұстау» нәтижесінде өзге тұлғаларға белгілі болса, Банк жауапкершілік көтермейді.

33. Стандартты талаптарда қарастырылған сәйкестендіру және Аутентификация құралдарын қолдана отырып, Интернет-банкинг жүйесінде жасалған барлық Операциялар үшін Клиент жауапкершілік көтереді.

34. Банк:

1) Клиенттің және/немесе басқа да үшінші тұлғалардың құрылғыларының бұзылуына байланысты Интернет-банкинг жүйесіне Клиенттің қолжетімділік алуындағы қателіктер, оның кешіктірілуі және мүмкін еместігі үшін;

2) Клиенттің құрылғысының бұзылуы немесе құрылғысында сақтаулы тұрған ақпараттың зақымдалуы үшін, түрлі вирустардан және басқа да бүлінуден Клиенттің жеке компьютері мен бағдарламалық қамсыздандыруының қауіпсіздігі үшін;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған тәртіпте уәкілетті орган және/немесе Клиент Операцияларды тоқтатса немесе тыйым салынса, Шотына қатысты Тапсырмалардың орындалмағаны үшін жауапкершілік көтермейді.

35. Стандартты талаптардың қолданысы тек қана Банктегі Клиенттің Шотын жүргізуге байланысты. Егер, Клиент Банктегі Шотын жапса немесе тиісті шарттардың талаптарына сәйкес Банк Шотты жапса, Стандартты талаптар күшін жоғалтады. Сонымен қатар, Клиенттің Банк алдындағы орындалмаған міндеттемелері Клиент оларды толық орындағанға дейін әрекет ете береді.

36. Стандартты талаптардың талаптары бұзылған жағдайда, Банк келесі шаралардың бірін қолдануға құқылы:

- 1) Электронды банктік қызмет көрсетуді тоқтата тұру және (немесе) мүлде тоқтату;
- 2) Интернет-банкинг жүйесіне кіруді бұғаттап тастау;
- 3) Осы Стандартты талаптардан туындаған шарттық қатынастарды біржақты тәртіппен бұзу.

#### **6-тарау. Интернет-банкинг жүйесінде Электронды банктік қызметтерін көрсету бойынша шектеулер**

37. Интернет-банкинг жүйесінде Электронды банктік қызметтерін көрсету мынадай жағдайларда тоқтатылады немесе доғарылады:

1) [www.hcsbk.kz](http://www.hcsbk.kz) Интернет-ресурсында техникалық жұмыстарды жүргізу (бұл туралы хабарламаны Интернет-банкинг жүйесінде орналастыру арқылы жұмыстар тоқтағанға дейін 30 (отыз) минут бұрын Банк мұндай жұмыстардың кезеңін хабарлайды);

2) Стандартты талаптармен қарастырылған Электронды банктік қызмет көрсетудің тәртібі мен талаптарын Клиенттің бұзуы;

3) Кешенді банктік қызмет көрсету шартын бұзу;

4) Клиентпен жасалған Стандартты талаптардың өзгеруі, соған сәйкес Электронды банктік қызмет көрсету тоқтатылады немесе доғарылады.

38. Банк біржақты тәртіпте Электронды банктік қызмет көрсетуді тоқтатуға/доғаруға құқылы. Сонымен қатар Банк тоқтатылған (доғарылған) сәтке дейін 30 (отыз) минут бұрын Интернет-банкинг жүйесінде және/немесе [www.hcsbk.kz](http://www.hcsbk.kz) Интернет-ресурсында бұл туралы хабарлама орналастырады.

39. Электронды банктік қызметті жаңарту Интернет-банкинг жүйесіне қолжетімділік беру немесе [www.hcsbk.kz](http://www.hcsbk.kz) Интернет-ресурсында Банктің хабарламасы арқылы жүзеге асырылады.

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ  
Кешенді банктік қызмет көрсетуінің  
Стандартты талаптарына  
**№4 қосымша /**  
**Приложение №4**  
к Стандартным условиям  
комплексного банковского обслуживания АО  
«Жилстройсбербанк Казахстана»

Сертификат: № 0000000

Берілген күні/Дата выдачи: «\_\_» \_\_\_\_\_ ж./г.



000000000000000001

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-да  
тұрғын үй құрылыс жинақтары салымын растайтын

## С Е Р Т И Ф И К А Т

о наличии вклада жилищных строительных сбережений  
в АО «Жилстройсбербанк Казахстана»

Осы құжат «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-да тұрғын үй құрылыс жинақтары салымының ашылғанын растайды. / Настоящий документ является подтверждением наличия вклада жилищных строительных сбережений в АО «Жилстройсбербанк Казахстана».

**САЛЫМШЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР:**

ТАӨ: \_\_\_\_\_  
ЖСН: 000 000 000 000  
Құпиясөз: 00000000

**ӨКІЛІ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР:**

ТАӨ: \_\_\_\_\_  
ЖСН: 000 000 000 000  
Куәландыратын құжат: туу туралы куәлік

**ТҚЖ САЛЫМЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР:**

ТҚЖ Шартының жасалған күні: \_\_\_\_\_ ж.  
ТҚЖ Шартының нөмірі: 000000000000  
Шоттың балама коды: 00000000000000000000  
Шот нөмірі: KZ00000000000000000000  
Шарттық сома: \_\_\_\_\_ тг.  
Ұсынылатын ай сайынғы төлем: \_\_\_\_\_ тг.  
Тарифтік бағдарлама, жинақ мерзімі: Бастау, \_\_\_\_\_ ай  
Тұрғын үй заемен алу үшін жинақ ақшаның ең төменгі қажетті мөлшері: \_\_\_\_\_ тг.  
Тұрғын үй заемен алу үшін бағалау көрсеткішінің ең төменгі мәні (БК): \_\_\_\_\_  
ТҚЖ Салымы бойынша сыйақы мөлшерлемесі: \_\_\_\_\_ %  
ТҚЖ Салымы бойынша сыйақының тиімді мөлшерлемесі: \_\_\_\_\_ %  
Тұрғын үй заем бойынша сыйақы мөлшерлемесі: \_\_\_\_\_ %  
Тұрғын үй заемнесие мерзімі: \_\_\_\_\_ жылға  
Заеми бойынша сыйақының тиімді мөлшерлемесі: \_\_\_\_\_ %

**СВЕДЕНИЯ О ВКЛАДЧИКЕ:**

ФИО: \_\_\_\_\_  
ИИН: 000 000 000 000  
Кодовое слово: 00000000

**СВЕДЕНИЯ О ПРЕДСТАВИТЕЛЕ:**

ФИО: \_\_\_\_\_  
ИИН: 000 000 000 000  
Основание: свидетельство о рождении

**СВЕДЕНИЯ О ВКЛАДЕ ЖСС:**

Дата Договора ЖСС: \_\_\_\_\_ г.  
Номер Договора ЖСС: 000000000000  
Альтернативный код счета: 00000000000000000000  
Номер счета: KZ00000000000000000000  
Договорная сумма: \_\_\_\_\_ тг.  
Рекомендуемый ежемесячный платеж: \_\_\_\_\_ тг.  
Тарифная программа, срок накопления: \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ мес.  
Минимально необходимый размер накопленных денег для получения жилищного займа: \_\_\_\_\_ тг.  
Минимальное значение оценочного показателя для получения жилищного займа (ОП): \_\_\_\_\_  
Ставка вознаграждения по Вкладу ЖСС: \_\_\_\_\_ %  
Эффективная ставка вознаграждения по Вкладу ЖСС: \_\_\_\_\_ %  
Ставка вознаграждения по жилищному займу: \_\_\_\_\_ %  
Срок жилищного займа: \_\_\_\_\_ лет  
Эффективная ставка вознаграждения по займу: \_\_\_\_\_ %

Комиссиялық алымды төлеу және Салымға жарнаны жүргізу банкомат арқылы, бөлімшелер/кассалар, интернет-банкинг, төлем терминалдары, egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы жүзеге асырылады. Сіз салым жарнасы туралы және комиссиялық алымға төлемдер туралы толық ақпаратты [www.hcsbk.kz](http://www.hcsbk.kz) интернет-сайтынан таба аласыз.

Оплата комиссионного сбора и произведение взносов во вклад осуществляются посредством банкоматов, отделений/касс, интернет – банкинг, платежных терминалов, портала электронного правительства egov.kz. Более подробную информацию о взносах во вклад и оплате комиссионного сбора Вы можете найти на интернет-сайте [www.hcsbk.kz](http://www.hcsbk.kz).

**Салым жарнасын және комиссиялық алым төлемін енгізу үшін Банк агентіне (кеңес берушісіне) қолма-қол ақшамен төлем ЖАСАУҒА БОЛМАЙДЫ!**

**Оплата наличными деньгами агенту (консультанту) Банка взносов во вклад и оплаты комиссионного сбора НЕ ДОПУСКАЕТСЯ!**

Кеңес берушінің/Банк қызметкерінің Т.А.Ө./ФИО Консультанта/сотрудника Банка: \_\_\_\_\_  
Банктің электронды сандық қолы қойылды/Подписано электронной цифровой подписью Банка: \_\_\_\_\_  
Сертификаттың түпнұсқалылығын Банктің төлем терминалы арқылы штрих код бойынша тексере аласыз. / Подлинность сертификата можете проверить в платежном терминале Банка по штрих коду.

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ –ның  
кешенді банктік қызмет көрсетуінің Стандартты  
талаптарына  
**№5 Қосымша/  
Приложение №5**  
к Стандартным условиям  
комплексного банковского обслуживания АО  
«Жилстройсбербанк Казахстана»

**№ р/с «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ міндеттерін жүзеге асыруға қажет және жеткілікті дербес деректер тізбесі**  
**Перечень персональных данных, необходимых и достаточных для осуществления задач АО «Жилстройсбербанк Казахстана»**

1. Тегі, аты, әкесінің аты (оның ішінде бұрынғылары)/ Фамилия, имя, отчество (в т.ч. прежние)
2. Тегін, атын және әкесінің атын ауыстыру туралы мәлімет/ Сведения о смене фамилии, имени и отчества
3. Туу туралы деректер/ Данные о рождении
4. Ұлты/ Национальность
5. Жынысы/Пол
6. Тұратын мекенжайы/ Адрес места жительства
7. Тіркелген мекенжайы, тұратын жері немесе келген жері бойынша тіркелген кезі/ Адрес регистрации, дата регистрации по месту жительства или по месту пребывания
8. Субъектінің бейнесі, оның ішінде электрондық түрде (фотосурет, бейнежазба)/ Изображение субъекта, в т.ч. в электронном виде (фотография, видеозапись)
9. Қолтаңбасы/ Подпись
10. Байланыс телефондарының нөмірлері /Номера контактных телефонов
11. Электрондық мекенжай/ Электронный адрес
12. Жеке басты куәландыратын құжат деректері/ Данные документа, удостоверяющего личность
13. Отбасы жағдайы мен отбасы құрамы туралы мәліметтер/ Сведения о семейном положении и составе семьи
14. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), ӘЖК/ Индивидуальный идентификационный номер (ИИН), СИК
15. Бала асырап алу туралы деректер/Данные об усыновлении ребенка
16. Әкесі екенін белгілеу туралы деректер/ Данные об установлении отцовства
17. Азаматтық туралы деректер/ Данные о гражданстве
18. Білімі, біліктілігі туралы және арнайы білімінің немесе арнайы дайындығының болуы туралы мәліметтер/ Сведения об образовании, квалификации и о наличии специальных знаний или специальной подготовки
19. Еңбек қызметі туралы деректер/ Данные о трудовой деятельности
20. Кіріс туралы мәліметтер/ Сведения о доходах
21. Міндетті зейнетақы төлемдері туралы мәліметтер/ Сведения об обязательных пенсионных отчислениях
22. Мүлік туралы мәліметтер/ Сведения об имуществе
23. Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар, шектеулер туралы мәліметтер/ Сведения о зарегистрированных правах, обременениях на недвижимое имущество
24. Сақтандыру туралы деректер/ Данные о страховании
25. Денсаулық жағдайы туралы мәліметтер/ Сведения о состоянии здоровья
26. Соттылықтың болуы/болмауы туралы мәліметтер/ Сведения о наличии/отсутствии судимости

27. Әскери есепке алу туралы мәліметтер/ Сведения о воинском учете
28. Әлеуметтік жеңілдіктер/жәрдемақылар туралы, әлеуметтік мәртебе туралы мәліметтер/ Сведения о социальных льготах/пособиях, о социальном статусе
29. Берешектің, орындалмаған міндеттемелердің, шектеулердің, тыйым салулардың, сот талқыларының болуы/болмауы туралы ақпарат/ Информация о наличии/отсутствии задолженности, неисполненных обязательств, обременений, запрещений, судебных разбирательств
30. Әкімшілік заң бұзушылықтар туралы мәліметтер/Сведения об административных правонарушениях